



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ИНФОРМАЦИИ
И ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



"ЖАСТАР" ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР "МОЛОДЕЖЬ"
SCIENTIFIC RESEARCH CENTER "YOUTH"

ЖАСТАР САЯСАТЫ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ ПО РАЗРАБОТКЕ И РЕАЛИЗАЦИИ СТРАТЕГИЧЕСКИХ ДОКУМЕНТОВ В СФЕРЕ МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКИ





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ



"ЖАСТАР" ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР "МОЛОДЕЖЬ"
SCIENTIFIC RESEARCH CENTER "YOUTH"

ЖАСТАР САЯСАТЫ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ



УДК 323/324 (574)
ББК 66.3 (5 Каз)
Ж 33

«Жастар саясаты саласындағы стратегиялық құжаттарды әзірлеу және іске асыру бойынша халықаралық тәжірибе». Баяндама.

«Международный опыт по разработке и реализации стратегических документов в сфере молодежной политики». Доклад. /Сакошев А. К., Паули Э. С., Абуова Д. Ғ., Мусабекова А. Б., Ибраев Е. Е. Ахантаева С. Ж.

Аударма: Келгенбаева А. А.

Көркемдеу және беттеу: Абдоллаев А. Т., Лукьянов М. В.

ISBN 978-601-7857-52-3

«Жастар саясаты саласындағы стратегиялық құжаттарды әзірлеу және іске асыру бойынша халықаралық тәжірибе» баянамасы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша әзірленді.

Жастар саясаты кез келген мемлекеттің дамуының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Жастар ортасында әлеуметтік процестерді болжау және реттеу үшін жастар саясатын халықаралық және ұлттық деңгейлерде іске асырудың практикалық тәсілдерін талдамалық тұрғыдан түсіну ерекше маңызды болып табылады. «Жастар саясаты саласындағы стратегиялық құжаттарды әзірлеу және іске асыру бойынша халықаралық тәжірибе» баянамасы осы мақсатта әзірленді. Ол жастар өмірінің маңызды салаларындағы түрлі бағдарламалар мен жобаларды жүйелі түрде талдауды білдіреді. Баяндама соңғы ғылыми зерттеулер, халықаралық ұйымдардың ресми статистикалық материалдарын талдау, сондай-ақ жастар саясаты саласындағы халықаралық стратегиялық құжаттар негізінде әзірленді. Ұсынымдар мен ұсыныстарды, сондай-ақ жастар саясаты саласындағы стратегиялық бағыттар мен жобаларды іске асыру жөніндегі халықаралық тәжірибені талдауды Қазақстан жастарына бағдарланған мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды әзірлеу кезінде қолдануға және іске асыруға болады.

Доклад «Международный опыт по разработке и реализации стратегических документов в сфере молодежной политики» был подготовлен по заказу Министерства инфомарции и общественного развития Республики Казахстан.

Молодежная политика является одним из ключевых направлений развития любого государства. Для прогнозирования и регулирования социальных процессов в молодежной среде особенно значимым является аналитическое осмысление практических подходов реализации молодежной политики на международном и национальном уровнях. В этих целях был подготовлен доклад «Международный опыт по разработке и реализации стратегических документов в сфере молодежной политики». Он представляет собой системный анализ различных программ и проектов поддержки молодежи в важнейших сферах ее жизнедеятельности. Доклад был подготовлен на основе последних научных исследований, анализа официальных статистических материалов международных организаций, а также международных стратегических документов в сфере молодежной политики. Рекомендации и предложения, а также анализ международного опыта по реализации стратегических направлений и проектов в сфере молодежной политики можно применить и использовать при разработке государственных и иных программ, ориентированных на молодежь Казахстана.

УДК 323/324 (574)
ББК 66.3 (5 Каз)

ISBN 978-601-7857-52-3

КІРІСПЕ	3
ЖАСТАР САЯСАТЫН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ДАМУДАҒЫ СЫН-ТЕГЕУРІНДЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ	7
ЖАСТАР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАР.....	19
Жастарды әлеуметтік қолдау.....	20
Білім беру жүйесіндегі тәрбие компоненті және жастар ұйымдары.....	21
Жастарға арналған кәсіптік бағдар беру бағдарламалары.....	26
Жастар арасында қылмыс пен суицид деңгейін төмендету жөніндегі шаралар.....	33
Жастарға арналған жеңілдікпен берілетін тұрғын үй бағдарламалары.....	40
Жастардың экономикалық белсенділігі.....	46
NEET жастарының үлесін азайту бойынша көшбасшы елдердің тәжірибесі.....	46
Жұмыспен қамту, оның ішінде алғашқы жұмыс орнына орналасуға жәрдемдесу шаралары.....	57
Азаматтық және саяси белсенділік.....	63
Мемлекет пен ҰЕҰ әріптестігінің тетіктері.....	64
Жастар ұйымдарының қоғамдық-саяси процестерге тартылуы.....	71
ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР.....	78



КІРІСПЕ

Әлемде шамамен 1,8 млрд жастар өмір сүріп жатыр – бұл адамзат тарихында болған ең жоғары сан. 15-24 жас аралығындағы жастар үлесі әлем халқының 20%-ға жуық бөлігін құрайды, кейбір елдерде 50%-дан асып кетеді. Уганда сияқты әлемнің ең жас елдерінің біріндегі халықтың шамамен 77% бөлігін жиырма бес жастан аспаған жастар құрайды. Әлемдегі жастар санына қатысты барлық бағалаулар азаматтардың жастық және кемелдену кезеңдерінің жас шектерін белгілейтін ұлттық заңнамалардың әртүрлі болуына байланысты айтарлықтай болжалды болса да, осынау жастар сияқты жаппай демографиялық категорияның аман-саулығын қамтамасыз ету – әсіресе дамушы аймақтардағы демографиялық үрдіс есебімен, аса маңызды саяси міндет болып табылады. Бүгінде жастар әлемдік қауымдастықты дамытуда маңызды рөл атқарады және олармен жұмыс істеу тиімділігі жалпы мемлекеттің жетістік көрсеткіші болып табылады.

Әлеуметтік мобильділік және жаңа перспективаларды дамыту тұрғысынан жастар мемлекеттік институттар тарапынан ерекше назар аударуды талап етеді. Бұл тұрғыда алдыңғы орынға әрбір мемлекеттің әлеуметтік-саяси дамуының маңызды құрамдас бөлігіне айналған мемлекеттік жастар саясаты шығады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі - БҰҰ) Қауіпсіздік Кеңесі 2015 жылғы 9 желтоқсанда қабылдаған 2250 Резолюциясында (2015) әлеуметтік-экономикалық дамуды қоса алғанда, әлемдік құрылыс жөніндегі күш-жігерге сындарлы үлес қосуға және жергілікті экономиканы дамытуға бағытталған жобаларды қолдауға ықпал ететін, сондай-ақ жастарды жұмысқа орналастыру және кәсіптік-техникалық даярлау, оның білім деңгейін арттыру, жастар кәсіпкерлігін дамыту және жастардың саяси өмірге сындарлы қатысуы үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін **жастар саясатын әзірлеудің маңыздылығына** баса назар аударылады.

Сонымен қатар, жастар саясатын іске асыру тәжірибесін талдау кезінде, көптеген мемлекеттер, даму кезеңінде, жастар тиісінше құқықтық қорғауды қоса алғандағы мүдделерін іске асыруды, арнайы қорғау мен қамқорлық етуді қажет ететінін бірден түсінген жоқ деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. XX ғасырдың екінші жартысында ғана көптеген күйзелістер, соғыстар, экономикалық және гуманитарлық дағдарыстардан кейін мемлекеттер белгілі бір құқықтар тізбесін белгілеу және жастарға қатысты ерекше мемлекеттік саясатты әзірлеу қажеттігін сезіне бастады.

Сондай-ақ, уақытша немесе хронологиялық критерийлерге ғана негізделген жіктеу немесе анықтама негізсіз әрі жеткіліксіз болып табылатыны айқын болды, өйткені жастар саясаты адамның физикалық, әлеуметтік және психологиялық жетілуі, білім алу, еңбекке араласу, дербестік және тәуелсіздік сияқты аспектілерді қамтитын процесс болып табылады, ол жаңа жанұяның қалыптасуына, сондай-ақ хронологиялық бөлімдерде таңбалануы қиын өзіндік бірегейлікті құруға жетелейді.

«Жастар саясаты» дербес термин ретінде өткен ғасырдың бо-шы жылдарында ғылыми әдебиетте анықтама алады, бұл көп жағдайда «жастардың дербес әлеуметтік күш ретінде қалыптасуымен және оның әлеуметтік-саяси кеңістікте өзін-өзі анықтауымен байланысты болды». Біріккен Ұлттар Ұйымы 1965 жылы жастардың шығармашылық көзқарасы, идеалдары мен энергиясы олар тұратын қоғамды әрі қарай дамытуда өмірлік маңызы бар екенін мойындады және Жастар арасында бейбітшілік, халықтар арасындағы өзара құрмет пен өзара түсіністік идеалдарын тарату туралы Декларация қабылдады. Бүгінгі таңда жастар саясатын дамытудағы басты рөлді БҰҰ атқарады.

1995 жылы БҰҰ жастар ісін жақтаушылықты нығайтты. Ұйым халықаралық қоғамдастық назарын аударатын және оның күш-жігерін жаңа мыңжылдықта жастар тап болатын проблемаларды шешуге бағыттайтын, жастар проблемаларын шешудің және олардың қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін кеңейтудің халықаралық стратегиясын - 2000 жылға дейінгі және одан кейінгі кезеңге арналған **Жастар мүддесіндегі дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасын** қабылдады. Бағдарлама саясат жүргізумен қатар, жастардың түрлі жағдайларда кезітетін проблемаларын неғұрлым тиімді шешу және олардың қоғам өміріне қатысуын кеңейту мақсатында барлық деңгейлерде кешенді іс-шаралар модельдерін әзірлеу және жүзеге асыру үшін сектораралық стандартты қамтамасыз етті.

Жастар 2030, <https://www.un.org/youthenvoy/wp-content/uploads/2014/09/WEBR-UN-Youth-Strategy-Booklet-Russian-for-WEB.pdf>

Резолюция 2250 (2015), [https://undocs.org/ru/S/RES/2250\(2015\)](https://undocs.org/ru/S/RES/2250(2015))

А. Крикунова Қазіргі Ресейдегі жастар саясаты: түсінігі, субъектілері, қалыптасу факторлары//А.И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогика университетінің жаңалықтары. 2009. № 101. 278 б.

Жастар, <https://www.un.org/ru/sections/issues-depth/youth-o/index.html>

Халықаралық қоғамдастық айқындаған Бағдарлама қызметінің 10 басым бағытына мыналар жатқызылды:

1. білім беру,
2. жұмыспен қамту,
3. аштық пен кедейлік,
4. денсаулық сақтау,
5. қоршаған орта,
6. есірткі заттарды пайдалану,
7. көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылық,
8. бос уақытты ұйымдастыру,
9. қыздар және жас әйелдер,
10. жастардың қоғам өміріне және шешім қабылдау процесіне толық және тиімді қатысуы.

Бағдарламада БҰҰ қолдауымен **Жастар ісі жөніндегі министрлердің дүниежүзілік конференциясын** тұрақты өткізуге шақыру баяндалады.

1998 жылдың тамызын айында Жастар саясаты мәселелері және бағдарламалар жөніндегі Лиссабон декларациясы және ұлттық, өңірлік және әлемдік деңгейдегі іс-қимыл жөніндегі ұсынымдар қабылданды.

Бас Ассамблея 1999 жылғы 54/120 резолюциясымен **12 тамызды Халықаралық Жастар күні** деп жариялау туралы Жастар ісі жөніндегі министрлердің дүниежүзілік конференциясының ұсынымын мақұлдады. Әрбір жыл (Халықаралық жастар күні) жаңа тақырыпқа арналады және халықаралық қауымдастықтың назарын жастар проблематикасына аударады. Жастар мүддесінде Дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасы туралы ақпараттандыруды арттыру үшін бұл Күнді қолдау мақсатымен ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары ұйымдастырылуда.

Ұлттық үкіметтер Бас Ассамблеяның сессиялары және БҰҰ қамқорлығымен өткізілетін басқа да форумдарға қатысатын делегациялар құрамына тұрақты негізде жастарды қоса бастады. БҰҰ өткізетін түрлі форумдарда осы кезеңдегі жаһандандудың жастарға әлеуметтік және экономикалық әсері қаралып, оның саяси салдарына ерекше назар аударылады.

Бірыңғай жастар саясатын әзірлеу мәселесі Мыңжылдық саммитінде де айтылды, бұл ретте **«Мыңжылдық декларациясында»** мемлекет және үкімет басшылары «жастарды барлық жерде лайықты және табысты жұмыспен қамтуға нақты мүмкіндік беретін стратегияларды әзірлеу мен жүзеге асыруды» бекітті.

2001 жылы БҰҰ, Халықаралық еңбек ұйымы және Дүниежүзілік банктің Саммитте қабылданған міндеттемелерді іске асыру жөніндегі бірлескен бастамасымен **Жастарды жұмыспен қамту жөніндегі жаһандық желі** құрылды.

XXI ғасырдың басында БҰҰ деңгейінде жастардың қызығушылығын тудыратын тағы бес проблемалық сала өзекті болды:

1. жаһандану;
 2. жастардың өміріне зор ықпалын тигізетін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану ауқымының өсуі;
 3. АИТВ/ЖИТС таралуы;
 4. жастардың қарулы қақтығыстарға құрбандар ретінде де, комбатант ретінде де неғұрлым белсенді қатысуы;
 5. ескіріп келе жатқан жаһандық қоғамдағы ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастардың маңыздылығы артуы.
- Қазіргі таңда бүкіл әлем бойынша жастарды дамыту және қолдау жөніндегі халықаралық стратегия «Жастар – 2030» бағдарламасына негізделеді, оны іске қосу туралы 2018 жылғы қыркүйекте айтылған болатын. Онда жастардың өмірін жақсартуға бағытталған бес басым бағыт белгіленген:

- 1) оларды қазіргі заманғы проблемаларды шешуге тарту;
- 2) білім беру мен денсаулық сақтауға қолжетімділікті кеңейту;
- 3) олардың экономикалық жағдайын жақсартуға қол жеткізу;
- 4) олардың азаматтық және саяси құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасау;
- 5) қақтығыстар мен дағдарыстар жағдайында жастарды қолдау.

Осылайша, жастар проблемасын үкіметаралық және мемлекетаралық ынтымақтастық етудің күн тәртібіне енгізу соңғы онжылдықтың айқын үрдісіне айналды. Соның салдарынан

әлемде жастар проблемаларына назар аударудың жаһандық, ұлттық және аймақтық деңгейлерде артуы байқалады. Ол мыналардан көрініс береді:

- жастардың дамуын, жастар мен балалар қоғамдық бірлестіктерінің бастамаларын қолдаудағы мемлекеттің рөлін арттыру;
- жастардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жастар саясаты мекемелерінің (ақпараттық орталықтар, жұмыспен қамту қызметтері, әлеуметтік-психологиялық орталықтар және басқалар) инфрақұрылымын нығайту;
- жастар арасында құқық бұзушылық пен есірткіге тәуелділіктің алдын алу және бос уақытты ұйымдастыру;
- жастардың азаматтық, рухани-адамгершілік және шығармашылық дамуына көңіл бөлуді күшейту;
- жастармен жұмыс жасаудың түрлі нысандары, әдістері мен технологиялары.

Бүгінде халықаралық деңгейде жас ұрпаққа қатысты проблемалы салалардың елеулі санының болуы, сондай-ақ жастарға қатысты ерекше саясатты әзірлеу қажеттілігі ресми түрде мойындалды, бірақ әрбір мемлекетте осы саясаттың үлгілері ұлттық ерекшелік есебімен іске асырылады.

Жастарды әртүрлі қарастыруға болады, бір жағынан, термин адам өміріндегі фазаны білдіреді, ал екінші жағынан, ол адамдардың тәуелсіз тобын қамтиды. Онымен қоса, бір мемлекеттің жастар тұжырымдамасы басқа мемлекеттен және әлеуметтік-экономикалық контексттен ерекшеленеді. Мемлекеттер арасындағы, жастардың топтары немесе әлеуметтік топтар арасындағы әлеуметтік, мәдени, сондай-ақ экономикалық айырмашылықтарды ескеру қажет.

Мысалы, еуропалық үкіметтер ұлтаралық және ұлттық жастар саясатының жаңа моделін құрып жатыр, оның базалық негізін әлеуметтік тәрбие мен оның интеграциялануы құрайды. Жалпы еуропалық деңгейде іске асырылатын модельге тәуелсіз ұлттық жастар саясатының өзіндік моделін әзірлеу мүмкіндігі есебінен ұлтаралық, ұлттық және аймақтық деңгейдегі өзара қарым-қатынастардың икемді жүйесі қалыптастырылуда.

Мемлекет, бизнес және коммерциялық емес сектор арасында әлеуметтік жауапкершілікті бөлуге ағылшын-америкалық көзқарас бизнестің қоғам алдындағы жауапкершілігін шектеумен сипатталады және тек жұмыс орындарын құруға және қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған. АҚШ-та іске асырылған тұжырымдама мемлекеттік құрылымдардың жастарды әлеуметтендіру процестеріне барынша аз қатысумен сипатталады, ал оны әлеуметтік қолдауды қайырымдылық және жеке ұйымдар жүзеге асырады.

Қытайда жастарды негізгі қолдауды мемлекет жүзеге асырады, бұл ретте осы салада білімге үлкен мән беріледі. Бизнес жастар саясатының субъектісі емес, өйткені қытай үкіметі экономикалық процестерді қатаң бақылайды. Қытайда қоғамдық ұйымдар жүйесі бір қағидаттар бойынша жұмыс істейді, оны коммунистік және кәсіподақ ұйымдары желісі үйлестіреді. Әлемдік тәжірибеде қоғамдық-саяси ұйымның бірегей үлгісі болып Қытай біртұтас фронты қызмет етеді, ол елдегі барлық партиялар мен қоғамдық ұйымдарды біріктіреді, бұл ретте маңызды проблемалар бойынша әртүрлі саяси іс-қимылдарды келісу өкілеттіктерін қамтиды.

Мемлекеттік жастар саясаты Францияда, Скандинавия елдерінде, әсіресе Германияда, ең алдымен әлеуметтік қолдау және жастар қоғамдық бірлестіктерімен ынтымақтастық жүйесін әзірлеу жөніндегі арнаулы мемлекеттік органдар құру арқылы барынша дамыды. Бұл ынтымақтастық пен теңсіздікті жоюға бағытталуымен сипатталады. Бұл жағдайда әлеуметтік әріптестік құрал болып табылады: бизнес істі табысты жүргізеді және мемлекетке салықты дұрыс төлейді, ал мемлекет оны тиімді бөледі, сондай-ақ әлеуметтік қажеттіліктерге де жұмсайды.

Жастар саясатын іске асырудағы ұлттық тәсілдердің айырмашылықтарына қарамастан, барлық елдерге тән негізгі ортақ басымдықтар бар, олар: білім беру, жұмыспен қамту, әлауқат, денсаулық сақтау, экология, есірткі заттарын пайдалану, жастар арасындағы қылмыс, бос уақытты ұйымдастыру, гендерлік саясат, сондай-ақ жастардың қоғам өміріне және шешім қабылдау процесіне толық және тиімді қатысуы.

«Жастар саясаты саласындағы стратегиялық құжаттарды әзірлеу және іске асыру бойынша халықаралық тәжірибе» атты зерттеу жүргізудің мақсаты жастар саясатындағы өзекті үрдістерді талдау, сондай-ақ мемлекеттік жастар саясатының жаһандық әлеуметтік-экономикалық процестің қазіргі заманның шындығына бейімделуі болып табылады. Баяндама жастар саясаты мен жастардың өмір сүруінің маңызды салаларындағы жағдайын жүйелі талдау болып табылады. Баяндама соңғы ғылыми зерттеулер, халықаралық ұйымдардың ресми статистикалық материалдарын талдау, сондай-ақ жастар саясаты саласындағы халықаралық стратегиялық құжаттар негізінде әзірленді.

Зерттеу мақсатын орындау үшін баяндамада жастар саясатының қазіргі заманғы даму мүмкіндіктері мен талаптары талданды. Жеке тарауда әртүрлі елдерде жастар саясатын жүзеге асырудағы негізгі басымдықтар қарастырылды, атап айтқанда, жастарды әлеуметтік қолдау, экономикалық, азаматтық және саяси белсенділігі турасындағы халықаралық тәжірибесі зерделенді. Баяндамада орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға тікелей қатысатын азаматтық қоғам институттары жастар саясаты саласындағы өзге мемлекеттердің бірегей жобаларын зерделеп, халықаралық тәжірибе мен жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, қазақстандық жастарды мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру үшін барынша оңтайлы шаралар қабылдай алатын қорытындылар мен ұсыныстар берілген.

«Жастар саясаты саласындағы стратегиялық құжаттарды әзірлеу және іске асыру бойынша халықаралық тәжірибе» баяндамасы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруды әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында және жастарды зерттеу мен жастар саясатын жүзеге асыру мәселелеріне қызығушылық танытатын барлық адамдар үшін әзірленді. Ұсынымдар мен ұсыныстарды, сондай-ақ жастар саясаты саласындағы стратегиялық бағыттар мен жобаларды іске асыру жөніндегі халықаралық тәжірибеге жүргізілген талдауды Қазақстан жастарына бағдарланған мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды әзірлеу кезінде қолдануға болады.

ЖАСТАР САЯСАТЫН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ДАМУДЫҢ СЫН-ТЕГЕУРІНДЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ



Бүгінде мемлекет әлеуметтік жаңғырту міндеттерін көздейді, жастар осы өзгерістердің негізгі тасымалдаушысы мен адресатына айналып келеді. Қоғамның дамуы күнделікті коммуникациялардан бастап саяси және өзге де жаһандық оқиғаларға дейінгі жастар ортасының сапалы көріністерімен анықталады. БҰҰ 2018 жылы қабылдаған Жастар стратегиясында «жаһандық демографиялық жағдайдың өзгеруіне жауап ретінде қабылданатын шешімдер және жастардың жастық шақтан ересек өмірге өтуі адамзат прогресі мен планета денсаулығы үшін зор маңызға ие» делінген. Жастар тез өсіп келе жатқан тұрақты емес әлеуметтік категория ретінде өз сұраныстарын уақтылы шешуді талап ететін болады. Сондықтан жастар саясаты кез келген мемлекеттің дамуының негізгі компоненті болып табылады. Алайда, әрбір мемлекет өзінің саяси, тарихи, мәдени дәстүрлері мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларына сүйене отырып, жастармен жұмыс істеудің өзіндік жолын қалыптастырады. Қазіргі халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, жастар саясатын жүзеге асыруды шартты түрде бірнеше типке бөлуге болады.

Біріншіге сәйкес, **жастар саясатын мемлекеттік органдар толығымен қалыптастырады және іске асырады, жастар саясат қосымшасының пассивті объектісі ретінде әрекет етеді.** Жастар саясатының осы түрінің мысалы ретінде **Қытай мен Әзірбайжан** сияқты екі мемлекетті қарастыруға болады. **Қытайда** жастар саясаты жөніндегі бас мемлекеттік орган – Жастардың коммунистік одағы (комсомол). Жастармен жұмыс жөніндегі жалпы тұжырымдамалық құжат жоқ, бірақ 200-ден астам мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Олардың негізгі мақсаты – коммунистік идеологияны және «Қытай ерекшелігімен социализмді» ілгерілету. **Әзірбайжанда** жастармен жұмыс орталық идея – әзірбайжан ұлтының өркендеуі идеясының төңірегінде құрылады. 5 жылдық мерзімге есептелген «2017-2021 жылдары Әзірбайжан жастары» деп аталатын үшінші мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Негізгі принциптері: мемлекеттілік пен әзірбайжан бірегейлігін қолдау, әзірбайжан халқының тарихына, оның мәдени мұрасына, мемлекеттік тілге, патриотизм негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға құрмет көрсету.

Жекелеген елдерде **жастар саясатын іске асыру үшін аймақтық және жергілікті деңгейлерде профильдік министрліктер жанындағы орталығы бар мемлекеттік желі құрылады, жастар мемлекеттік қызметтерді «алушы» ретінде әрекет етеді.** Жастар саясатының осы түрінің мысалдары – Еуропалық Одақ елдері – **Германия мен Франция.** Германияда Отбасы, қарт адамдар, әйелдер мен жастар істері министрлігі жанындағы бөлім, федералдық жерлерде – басқармалар, ал жергілікті коммуналдық деңгейлерде – басқармалар жүйесі жұмыс істейді. Францияда Республика (Ұлттық жастар кеңесі), департаменттер мен жергілікті муниципалитеттер деңгейінде жұмыс істейтін жастар кеңестерінің желісі қалыптасты. Бюджет қаражатын бөлу кезінде ең үлкен үлес – 60% – жергілікті бөлімшелерге, 30% – өңірлік бөлімшелерге жіберіледі және тек 10% бөлігі ғана орталық аппаратта қалады.

Сондай-ақ, мемлекеттің рөлі барынша азайтылған, **яғни жастар саясаты саласында мемлекет пен азаматтық қоғам құрылымдарының паритеті жұмыс істейтін жастар саясаты жүйесі бар.** Жастар саясатына осы көзқарас **АҚШ-та, Ұлыбританияда, Швецияда** қолданылады. **АҚШ-та** жастарды қолдау мен қорғауға бағытталған 300-ден астам бағдарлама жұмыс істейді. Арнайы бағдарламалар әрбір ірі елді мекенде бар. Ең тиімді жобалар жаппай сипат алып, федералдық үкімет тарапынан қолдау тапты. **Ұлыбританияда** жастарды өзекті мәселелерді шешу процесіне тарту жүйесі жұмыс істейді: Біріккен Корольдіктің Жастар парламенті, «жастардың пікірін» («local youth voice structures») білдіруге арналған өңірлік жастар кеңестері мен құрылымдары. Мақсаты – жастарды өзін-өзі басқаруға ынталандыру. **Швецияда** жастар саясатын іске асыру кезінде қатаң регламенттеу, бірыңғай ұлттық бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеу практикасы жоқ. Жастардың өзін-өзі басқаруы белсенді дамыған: Парламент жанында мемлекеттік жастар кеңесі жұмыс істейді. Мұндай кеңестер муниципалдық деңгейде де құрылады. Олардың мақсаты – жастарды ең маңызды мәселелер бойынша өз пікірлерін қалыптастыру, білім беру, мәдениет, шығармашылық, ұлтаралық қарым-қатынас саласындағы мәселелерді шешу.

Сонымен қатар, 90-шы жылдардың соңынан бастап қазіргі уақытқа дейін басқа әлеуметтік топтардың өкілдерімен бірге қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешуде әртүрлі елдер мен аймақтар жастарының белсенді әлеуметтенуіне және күш-жігерін біріктіруге бағытталған жастар саясатын іске асыру тәсілі қалыптасып келе жатқанын айта кеткен жөн. Жастарды дербес ресурс ретінде мойындау, дамыған елдердегі мемлекет қызметінің жеке бағытына жастар саясатын бөлу жастардың әлеуметтік-экономикалық және саяси проблемаларды шешудегі рөлін ұғынумен тікелей байланысты (жаһандық сын-тегеуріндер – халықтың қартаюы, демографиялық проблемалар, көші-қон, мәдени бірегейлікті сақтау, терроризм, экологиялық қауіпсіздік, энергетикалық қауіпсіздік және басқалар).

Осылайша, 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған Ресей Федерациясы жастарының даму стратегиясында былай делінген:

Жастарға қатысты ерекше саясаттың қажеттілігі оның қоғамдағы жағдайының ерекшелігімен айқындалады. Жастарды дәстүрлі мағынада, тек қоғамның болашағы ретінде түсіну жеткіліксіз. Оны басқа әлеуметтік топтармен ерекше алмастырылмайтын, елдің сақталуы мен дамуы, оның тарихы мен мәдениетінің сабақтастығы, аға ұрпақтың өмірі мен кейінгі ұрпақтардың өмірі және ақырында халықтардың мәдени-тарихи қауымдастық ретінде өмір сүруі үшін жауапкершілік функциясын қазіргі заманғы қоғамның үйлесімді бөлігі ретінде бағалау қажет. Жастардың қоғамда ешқандай басқа әлеуметтік-демографиялық топ алмастырмайтын және іске асырмайтын өзінің ерекше функциялары бар.

Экономика, білім беру және еңбек нарығының жаһандану жағдайында халықаралық және ұлттық деңгейде жастар арасындағы үрдістерді талдау ұзақ мерзімді Жастар стратегиясының іргетасын қалауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда **Жастардың халықаралық даму индексі** (Global Youth Development Index, YDI) маңызды көрсеткіш болып табылады, ол бес басты саланы: **білім беру, денсаулық сақтау және әл-ауқат, жұмысқа орналастыру, азаматтық, саяси қатысуды** өлшейді. Дүниежүзілік Банк дайындаған **«Онжылдықтар бойындағы даму экономикасы»** (2007) әлемдік даму туралы баяндамада өмірдің бес маңызды кезеңі қарастырылды, олар мемлекеттік саясаттың дұрыс шараларының көмегімен жастардың әлеуетін: **оқу, жұмыс, денсаулық сақтау, отбасын құру және азаматтық құқықтар мен міндеттерді** жүзеге асыруға серпін бере алады. Осы кезеңдердің әрқайсысы шеңберінде Үкімет тікелей инвестициялар көлемін ұлғайтып қана қоймай, жастар және олардың отбасылары өз дамуына инвестициялау үшін жағдайды жақсартуы тиіс. Осы құрамдастар жиынтығында жастар саясатын қазіргі заманғы дамытудың қырлары мен мүмкіндіктерін айқындайды. Бұл тарауда осы негізгі бағыттардың жалпы даму үрдістері мен сипаттамалары қарастырылады.

БІЛІМ БЕРУ

Кез келген мемлекеттің жастар саясатының маңызды бағыты білім беру болып табылады. Бүгінгі таңда білім беру бүкіл әлемде қарқынды дамып келеді, ол жаппай және мобильді сипат алуда, бұл ретте жоғары білім беру саласындағы жаһандық трендтер жастар саясатының дамуына елеулі ықпал ететін болады.

ЮНЕСКО мәліметтері бойынша, әлемдегі студенттер саны 40 жыл ішінде 6 есе артты. Сарапшылар бұл трендті еңбек өнімділігі елдегі жоғары білімі бар адамдар санына тікелей пропорционал деп түсіндірді. Мәселен, дамыған елдерде жоғары білімі бар жұмыс істейтін халықтың үлесі 30-50%-ды құрайды, ал әрбір қызметкерге еңбек өнімділігі 40-60 мың долларға жетеді, ал дамушы елдерде жоғары білімі бар жұмыс істейтін халықтың үлесі тиісінше 20-30%-ды, ал еңбек өнімділігі тиісінше 20-30 мың долларды құрайды.

Әлемдік оқшаулау жағдайында білім беру жүйесіндегі коронавирустың салдарына байланысты қашықтықтан және онлайн-білім беру айтарлықтай дамиды. 2017 жылы онлайн-оқытудың әлемдік нарығының көлемі шамамен 165 млрд АҚШ долларын құрады, ал оның жыл сайынғы өсімі шамамен 20% болды. 2023 жылға онлайн-білім берудің әлемдік нарығы көлемінің болжамы – 287 млрд доллар. Жалпы, одан әрі цифрландыру және жаңа технологиялар онлайн-білім беру нарығын кеңейтуге ықпал ететін болады және сонымен бірге цифрландыру проблемаларын диагностикалауға мүмкіндік береді.

Студенттік мобильділік белсенді дамып келеді. ЮНЕСКО статистика институтының мәліметтеріне сәйкес, бүкіл әлемдік студенттік мобильділіктің жартысына жуығы АҚШ-қа (19%), Ұлыбританияға (8%), Аустралияға (7%), Францияға, Германияға және Ресейге (5%-дан) тиесілі. Бүгінде білім беру бағдарламалары, тағылымдамалар бойынша жыл сайын басқа елдерге келетін шетелдік студенттердің саны 5 млн-нан асады. ЮНЕСКО болжамы бойынша, 2025 жылға қарай шетелдік студенттер саны 7 млн-ға жетеді.

Мемлекеттік жастар саясаты: халықаралық тәжірибе, http://db.rgub.ru/youthpolicy/2/1_gmp_mejdunarod_opit-781-2.pdf
2025 жылға дейінгі кезеңге арналған Ресей Федерациясы жастарының Даму стратегиясы, <http://www.kdm44.ru/file/StrategiyaMolodegi2025.PDF>
Онжылдықтар бойындағы даму экономикасы, <http://documents.worldbank.org/curated/en/677231468313503864/pdf/471080PUBoRUSS00Box379868BooPUBLIco.pdf>
Сарапшы бұл елдердің шетелдік студенттерге гранттар санын не үшін көбейтетінін айтып берді, <https://baigenews.kz/special/poslanie-prezidenta-2018/dlya-chego-strani-uvelichivaut-chislo-grantov-inostrannim-studentam-rasskazal-ekspert/>
Ресейдегі онлайн білім беру болашағы: өсу және абайлап инвестициялау, <https://www.forbes.ru/tehnologii/342961-budushchee-onlayn-obrazovaniya-v-rossii-rost-i-ostorozhnye-investicii>
Ресей шетелдік студенттер үшін ең тартымды елдердің тізіміне кірді, <https://ria.ru/20181210/154722136.html>

Осылайша, ағымдағы өзгерістердің нәтижесінде білім беру жастар үшін барынша қолжетімді болып келеді. Алайда, мемлекеттер білім берудің сапасы мен мобильділігін арттыруға ғана емес, оның қазіргі заманғы еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес келуіне назар аударуы тиіс. Жаңа сабақтас кәсіптердің спектрі өсуде және онымен бірге білім беру жүйесін реттеу қажеттігі де артып келеді. Білім беру процесінің маңызды элементі жас маманның кәсіби сапасының басты көрсеткіштерінің бірі - практикалық дағдылар мен қабілеттер болып табылады. Цифрлық экономиканың қазіргі жағдайында жастар білім алғаннан кейін өздерінің кәсіби іске асырылуы мен одан әрі әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатына сенімді болуы үшін кәсіптік-техникалық даярлау бағдарламаларын жаңғырту, кәсіптік бағдар беру жұмысын жетілдіру талап етіледі.

Бұл тұрғыда **жастар саясаты білім беру бағытының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі кәсіптік бағдар беру жұмысы болып табылады. Бұл компоненттің маңыздылығы, ең алдымен, серпінді дамып келе жатқан еңбек нарығымен, білім беру және кәсіби ортаны жаңарту және оңтайландырумен байланысты.** Юнисеф әлемнің 150-ден астам еліндегі 40 000 жастарға жүргізген онлайн-сауалнама көрсеткендей (Үндістан респонденттері саны ең басым – 43%, одан кейін Оңтүстік Африка – 26%), көптеген жастар қазіргі білім оларға жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларды бермейді деп санайды. Атап айтқанда, жастардың 31%-ы өздеріне ұсынылған дағдылар мен оқыту бағдарламалары олардың мансаптық ұмтылыстарына сәйкес келмейтінін айтады. Респонденттердің үштен бірінен астамы (39%) өздері іздеген жұмыс олардың әлеуметтік топтарында қолжетімсіз деп мәлімдейді. Сонымен қатар, сауалнамаға сәйкес, жастардың келесі онжылдықта жұмыс табуды қалайтын негізгі дағдылары көшбасшылықты (22%), одан кейін аналитикалық ойлау мен инновациялар (19%), сондай-ақ ақпарат пен деректер өңдеуді (16%) қамтиды.

ЮНИСЕФ мәліметтері бойынша, ай сайын 10 миллион жастар еңбекке қабілетті жасқа жетеді, олардың көпшілігі табысы төмен және орташа елдердің жастары. Жаһандық зерттеуге сәйкес, осы елдердегі жастарға еңбек нарығына шығу үшін орташа есеппен бір жарым жыл және өзінің алғашқы лайықты жұмысын табу үшін төрт жарым жыл қажет. Егер бұл мәселені шешпесе, жағдай одан әрі нашарлауы мүмкін, өйткені 2030 жылдардың ортасында қазіргі уақытта 16-24 жастағы адамдар атқаратын 20-40% жұмыс орны автоматтандыру тәуекеліне ұшырайды деп күтіледі. Осы проблемалардың кейбірін шешу үшін ЮНИСЕФ PwC (PricewaterhouseCoopers) халықаралық консалтингтік компаниясымен бірлесіп келесі үш жыл ішінде артып келе жатқан жаһандық біліктілік мәселесі бойынша зерттеулерді қолдайтын және дамушы елдерде, соның ішінде Үндістан мен Оңтүстік Африканы қоса алғанда, білім беру мен дағдылар бағдарламаларын әзірлеп, кеңейтіп және қаржыландыратын болады.

Білім беру бағдарламаларын өзектендіру мәселелерінен басқа, назар аударатын тағы бір фактор бар. Халықаралық еңбек ұйымының (бұдан әрі – ХЕҰ) 2020 жылғы жастардың жұмыспен қамтылу үрдістері туралы баяндамасында жоғары білімі бар жастар автоматтандыруға байланысты жұмыстан айырылуы қаупіне төмен дәрежеде ұшырайтыны айтылады. Сонымен қатар, олар басқа проблемаға тап болады: **еңбек ресурстарының құрамында жоғары білімі бар жастардың үлесі дипломы бар қызметкерлерге деген сұранысқа қарағанда жылдам өсіп келеді және бұл олардың еңбегіне ақы төлеудің төмендеуіне алып келеді.** Білімнің болуы лайықты еңбекақы төленеді деген кепілдік бермейді.

Дегенмен, білім алу ең жақсы әлеуметтік мәртебеге және неғұрлым жоғары материалдық жағдайға қол жеткізудің қажетті шарты болып табылады деп санайтын жастардың саны күн санап артып келеді. Кәсіптік білім беру жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмысымен қатар еңбек нарығы инфрақұрылымының маңызды элементі болып табылады, өйткені жұмыс берушілердің сапалы теңгерімді сұранысы мен ұсынысын қолдайды және көбінесе жұмыспен қамту саласындағы жастар саясатын іске асыру жөніндегі шаралардың тиімділігін айқындайды. Оның нәтижелі болуы жастардың сол немесе басқа қоғамның әлеуметтік-экономикалық моделіне табысты кірігуіне ықпал ететін болады. Сондықтан бүгінде мемлекет жастар саясатын жүзеге асыруда кешенді кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізуге ерекше назар аударуы тиіс, бұл келешекте болашақ жас маманның мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

ДЕНСАУЛЫҚ

Жастардың денсаулық сапасын, оның ішінде психикалық тұрғыдан арттыру жастар саясаты тиімділігінің басқа да маңызды көрсеткіші болып табылады. Бүгінде цифрлық қоғам дәуірінде жас ұрпақтың психикалық денсаулығының нашарлауында әлеуметтік желілер маңызды рөл атқарады. Олар әлеуметтік салыстыру және кибербуллингті қоса алғанда, теріс өзара іс-қимыл арқылы жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы мен тұлғааралық қарым-қатынасына әсер етуі мүмкін. Әртүрлі тоғыспалы, бойлық және эмпирикалық зерттеулердің мәліметтері көрсеткендей, смартфондар мен әлеуметтік желілерді пайдалану жастар арасында психикалық бұзылудың, өзін-өзі зақымдайтын мінез-құлықтың және өзін-өзі қол жұмсаудың өсуіне әкеледі. Мысалы, соңғы онжылдықта Солтүстік Америкада жастар арасында психикалық бұзылулар мен психикалық бұзылуларды емдеудің артуы балалар мен жасөспірімдердің смартфондар мен әлеуметтік желілерді пайдаланудың күрт өсуімен сүйемелденді. Канада, Онтариода қалыпты немесе күрделі психикалық бұзылулар туралы хабарлаған жасөспірімдер үлесі 2013 жылғы 24%-дан 2015 жылы 34%-ға дейін және медициналық қызметтерді пайдалануды қатар ұлғайта отырып, 2017 жылы 39%-ға дейін көбейді. Суицид қазір канадалық жастар өлімінің екінші себебі болып табылады.

АҚШ-та жастардың денсаулығы проблемаларын шешу үшін физикалық және психикалық денсаулықты, оның ішінде құндылықтар мен баскетбол ойыны негіздерін оқыту арқылы арттыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға 1 миллионға жуық доллар бөлінді.

Ресейде ауыр психикалық бұзылулар (шизофрения, шизоаффектілік психоздар және аффективтік психоздар) бойынша есепте тұрған 15-17 жастағы жасөспірімдер саны ұдайы өсуде. 2000 жылдан бастап ол 45%-ға өсті (100 мың жасөспірімдерге шаққанда 50,8-ден 73,3 жағдайға дейін).

Шын мәнінде, қазіргі қоғамға барынша әлеуметтік-экономикалық нұқсанды жастар ортасында кеңінен таралған суицидтер алып келеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (бұдан әрі - ДДҰ) деректері бойынша, **15-29 жас аралығындағы жастар арасында өзін-өзі өлтіру ЖКО-дан қаза болудан кейінгі өлімнің екінші басты себебі болып табылады.** 15-19 жастағы жасөспірімдер тобында өзін-өзі өлтіру - қыздар арасында өлімнің екінші себебі (жүктілік пен босануға байланысты асқынудан кейін) және жасөспірімдер арасында өлімнің үшінші себебі (ЖКО мен тұлғааралық зорлық-зомбылықтан кейін). Бұл проблема ДДҰ өзіне-өзі қол жұмсау туралы алғашқы жаһандық баяндамасының 38 елде жарияланған сәтінен бастап бес жыл ішінде өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу жөніндегі ұлттық стратегиялардың қабылдануына ықпал етті.

Әрбір елде жастар арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың өзіндік себептері мен шарттары бар. Сонымен қатар, ДДҰ-ның келесі зерттеулері қызықты болып көрінеді. Мәселен, олардың деректеріне сәйкес: «кейбір елдерде қауіптілігі жоғары сыныпты химиялық құралдарға тыйым салу өзіне-өзі қол жұмсаудың ұлттық көрсеткіштерін төмендетуге мүмкіндік береді. Ең көп зерттелген Шри-Ланка тәжірибесі болып табылады, онда пестицидтерге тыйым салу сериясын енгізу өзіне-өзі қол жұмсау санының 70%-ға қысқаруына алып келді және 1995 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде 93 000 адамның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік берді. 2000 жылдары пестицидтермен улану арқылы өзіне-өзі қол жұмсау үшін паракват қолданылған Корея Республикасында 2011-2012 жылдары осы гербицидке тыйым салу 2011-2013 жылдары пестицидтерді пайдалану арқылы өзіне-өзі қол жұмсау санының екі есе қысқаруына әкелді».

Бүгінде мемлекеттер жергілікті ерекшелікті ескере отырып, өзіне-өзі қол жұмсау профилактикасы және онымен күресу бойынша ұлттық бағдарламалар қабылдап жатыр. БҰҰ Тұрақты даму мақсатында: 2030 жылға қарай психикалық денсаулық пен әл-ауқатты қолдау, алдын алу мен емдеу арқылы инфекциялық емес аурулардан болатын мезгілсіз өлім-жітімді үштен бір бөлікке азайту жоспарланады. Сондықтан өзге елдер де суицидтің алдын алу бойынша кешенді бағдарламалар қабылдауы маңызды.

Жас ұрпақтың денсаулығы мәселесіне қатысты басқа да жалпы әлемдік трендті атап өткен жөн. **Жас отбасылар балалы болуға асықпайды, алдымен мансапқа жетіп, қаржылық тәуелсіздігін қамтамасыз еткісі келеді.** Сонымен қатар, көптеген әлем елдерінде жастардың белгілі бір бөлігі отбасын құрмауды жөн көреді. Мәселен, Оңтүстік Кореяда әйелдердің көпшілігі тұрмысқа шықпау, бала тумау, еркектермен жақын қарым-қатынаста болмау туралы шешім қабылдайды. Бұл құбылыстың «сампо ұрпағы» деген ерекше атауы бар. «Сампо» сөзі үш нәрседен бас тартуды білдіреді: секс, неке және балалар. Оңтүстік Кореяда бала туу - әлемдегі ең төменгі көрсеткіш деңгейінде, егер жағдай өзгермесе, ұлт жойылу межесіне жетуі мүмкін. Болжам бойынша, 2065 жылға қарай 50 млн-нан астам адам тұратын ел халқы шамамен 10 млн-ға қысқаруы мүмкін.

A third of youth surveyed globally by UNICEF say their education is not preparing them with the skills to get jobs, <https://www.unicef.org/press-releases/third-youth-surveyed-globally-unicef-say-their-education-not-preparing-them-skills>
PwC және ЮНИСЕФ әлемнің барлық елдеріндегі жастардың білімі мен дағдыларының деңгейін арттыру мақсатында күш-жігерді біріктіреді, <https://www.pwc.kz/ru/pwc-news/what-new/pwc-i-unicef-obyedinyayut-usliya.html>
A third of youth surveyed globally by UNICEF say their education is not preparing them with the skills to get jobs, <https://www.unicef.org/press-releases/third-youth-surveyed-globally-unicef-say-their-education-not-preparing-them-skills>
Global Employment Trends for Youth 2020, https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/-/dgreports/-/dcomm/-/publ/documents/publication/wcms_737648.pdf

Smartphones, social media use and youth mental health, <https://www.cma.ca/content/192/6/E136>
Ресейде балалар мен жастар: қазіргі заманның жаһандық сын-тереуіне, <http://escvscac.ru/article/1722/full?lang=ru>
Әрбір 40 секунд сайын әлемде өзін-өзі өлтіру орын алады, <https://www.who.int/ru/news-room/detail/09-09-2019-suicide-one-person-dies-every-40-seconds>
Әрбір 40 секунд сайын әлемде өзін-өзі өлтіру орын алады, <https://www.who.int/ru/news-room/detail/09-09-2019-suicide-one-person-dies-every-40-seconds>
Сампо ұрпағы: нәпеліктен Оңтүстік Корея әйелдері балалы болу мен қарым-қатынас құруды қаламайды, <https://www.bbc.com/russian/features-45209116>

Айта кету керек, **жастар арасында жалғыздықтың пайдасына саналы таңдау жасайтындар көп**. Олар сингл деп аталады (single – жалғыз ағылшын сөзінен). Адам отбасын осылай қабылдағандықтан немесе экономикалық мақсатқа сай болғандықтан емес, жалғыздықты қалағаннан отбасын құрмайды. Бұл жағдайда біреуге жалғыз өмір сүру, қарым-қатынас жасамау және балалы болмау ыңғайлы болуы мүмкін. Статистика көрсеткендей, көптеген елдерде жалғыз басты адамдар саны өсуде. Жапония мен Тайваньда жалғыз тұратын азаматтардың үлесі тиісінше 33 және 22%-ды құрайды. Еуропада жалғыз басты тұрғындар саны 50%-дан асатын бірнеше қалалар бар – бұл Мюнхен, Франкфурт және Париж.

Қазіргі заманғы жастарды мансап, оқу, экономикалық әл-ауқат көбірек қызықтырады. Сондықтан жас отбасыларды және олардың репродуктивті денсаулығын қолдау бойынша ғана емес, сонымен қатар жалпы отбасы институтын қолдау бойынша арнайы жобалар қажет. Мысалы, Башқұртстанда «билік бала туу туралы шешім қабылдау уақытын қысқарту, сондай-ақ өңірде тууды арттыру үшін некеге тұратын жастарды тегін медициналық тексеруден өткізуді жоспарлап отыр». Бүгінгі күні жас ұрпақтың денсаулығына ерекше көңіл бөлінеді, себебі оның өзіндік ерекшелігі бар. Жалпы алғанда, жастар денсаулығы сапасының көрсеткіші қоғам мен мемлекеттің даму деңгейін көрсетеді және ұлттың зияткерлік әлеуетін сақтауды және жақсартуды қамтамасыз етеді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

Жастар саясатының стратегиясына айтарлықтай жүк түсіретін келесі фактор – бұл жастардың экономикалық белсенділігі. Кәсіби қалыптасу жастардың қоғам өміріне қосылуының негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Жаһандық қауіп-қатерлер мен коронавирус пандемиясына байланысты әлемдік оқшаулау салдары жағдайында жастар жаңа сын-тегеуріндерге тап болады. ХЕҰ «2020 жылы жастарды жұмыспен қамтудың жаһандық үрдістері: ертеңгі күннің технологиясы мен жұмыс орындары» (Global Employment Trends for Youth 2020: Technology and the future of jobs) баяндамасында былай деп белгілейді:

“*«жастардың еңбек нарығында ертеңгі күнге деген сенімі жоқ, оған өндірісті автоматтандыру, кәсіби дайындық бағдарламаларының басым бөлігінің тар бағыты және жас қызметкерлердің біліктілік деңгейіне сәйкес келетін жұмыс орындарының жетіспеушілігі себеп болды».*”

Ең танымал талдамалық институттарының бірі The Pew Research Center зерттеу нәтижелеріне сәйкес, мысалы, АҚШ-та жастар өздерінің болашақ өмірлік перспективаларына қатысты айтарлықтай пессимистік пікір білдіреді: «сапалы жоғары білімнің қолжетімсіз болуы, жоғары ақы төленетін жұмыстың болмауы, нәсілдік проблемаларға көбейтілген жеке қауіпсіздіктің жеткіліксіз болуы. Жылжымайтын мүлікті иелену пайызы 18-34 жастағы америкалықтар арасында шамамен бір ұрпақтың өмірі бойына төмендеді: бүгінгі күні олардың жартысынан азы өз жылжымайтын мүліктеріне қол жеткізе алады». Young Invincibles тәуелсіз зерттеу ұйымының мәліметтері бойынша, 1989 жылы орта мектептің түлегі колледж түлегінің бүгінгі таңдағы табысына қол жеткізе алған. Сонымен қатар, 1980 жылдан бастап алғаш рет америкалық жастардың көпшілігі қазіргі уақытта ата-аналарымен бірге тұрғанды жөн көреді. Young American Foundation үкіметтік емес ұйымы жыл сайын Youth misery Index деп аталатын рейтинг ұсынады, ол студенттік кредиттер бойынша қарыздарды, жастардың жұмыссыздық деңгейін және халықтың жан басына шаққанда мемлекеттік борышты қосу жолымен есептеледі. 2016 жылдың қаңтарында Youth Misery Index 109,9 тармаққа тең болса, 2019 жылдың қаңтарында оның мәні 134 болды, бұл бүкіл зерттеу тарихындағы ең жоғары көрсеткіш.

Қазіргі уақытта бүкіл әлем бойынша жас адамдар өз болашағына сенімді емес, өйткені жастардың **қазіргі заманғы экономикалық мобильділігі жұмыссыздықтың жоғары деңгейімен, жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдыларды меңгермейтін жастар санының өсуімен сипатталады** (NEET - Not in Education, Employment or Training санатындағы жастар). Осы проблемалық аймақтар перспективада ұлттық экономикалар үшін елеулі тәуекелдерді тудырады және жастардың әлеуметтік көңіл-күйіне айтарлықтай қысым жасайды.

Жалғыздық жаһандық тренд ретінде: сарапшылар оның себептері мен артықшылықтары туралы айтып берді, <https://www.metronews.ru/novosti/world/reviews/odinchestvo-kak-globalnyy-trend-eksperty-rasskazali-o-ego-prichinah-i-plyusah-1542307/>
Башқұртстандағы жас жұбайлар тегін медициналық тексеруден өте алары, <https://tass.ru/obschestvo/7682451>
Global Employment Trends for Youth 2020, https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/-/dgreports/-/dcomm/-/publ/documents/publication/wcms_737648.pdf
The Pew Research Center: Американың көп бағыттар бойынша құлдырау кәуімі бар, <https://eadaily.com/ru/news/2019/04/30/the-pew-research-center-amerike-grozit-upadok-po-mnogim-napravleniyam>
The Pew Research Center: Американың көп бағыттар бойынша құлдырау кәуімі бар, <https://eadaily.com/ru/news/2019/04/30/the-pew-research-center-amerike-grozit-upadok-po-mnogim-napravleniyam>
World Youth Report Youth Social Entrepreneurship and the 2030 Agenda, <https://www.un.org/development/desa/youth/wp-content/uploads/sites/21/2019/12/WYR-2020-Executive-Summary.pdf>
Unemployment, youth total (% of total labor force ages 15-24) (modeled ILO estimate), <https://data.worldbank.org/indicator/SI.UFEM.1524.ZS>
Жастарға жол: жаңа ұрпақты қандай болашақ күтіп тұр және жұмыссыздық мәселесі қалай шешіледі, <https://tass.ru/obschestvo/7044532>
Жастар жұмыссыздығы: заманауи трендтер мен салдары, http://www.ng.ru/stsenarii/2017-04-25/10_6981_unemployment.html
<http://webtv.un.org/watch/secretary-general-addresses-general-debate-73rd-session/5839802857001/>
Germany's 'money for nothing' experiment raises basic income questions, <https://www.dw.com/en/germanys-money-for-nothing-experiment-raises-basic-income-questions/a-47696884>
Universal Basic Income: 170K Young Koreans Will Get \$883 to Spend Locally, <https://www.inverse.com/article/54988-universal-basic-income-24-year-old-koreans-will-get-money-to-spend-locally>
Korea: Gyeonggi's youth basic income report released, <https://basicincome.org/news/2019/11/korea-gyeonggis-youth-basic-income-report-released/>

Жаһандық экономикалық өсу қарқынының белгісіздігі жағдайында жастар жұмыссыздығы басты проблемалардың бірі болып қалуда. БҰҰ соңғы мәліметтері бойынша, жастар арасындағы жұмыссыздық ағымдағы кезеңнің ең үлкен проблемаларының бірі болып табылады. Бұл мәселені шешу үшін алдағы 15 жылда 600 миллион жұмыс орнын құру қажет. Бағалау бойынша, дамушы елдердегі барлық жас қызметкерлердің 96,8% бейресми экономикада жұмыс істейді. Бұдан басқа, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің төмендігі жұмыс сапасының төмендігін, әсіресе дамушы елдерде көп жасырады. 2019 жылы жастар жұмыссыздығының әлемдік деңгейі шамамен 13%-ды құрады. Бүгінде әлемдегі ербір бесінші жас адам жұмыссыз. Ең осал топ әйелдер – олардың арасында жұмыссыздар ерлерге қарағанда екі есе артық. Сонымен қатар, сарапшылардың айтуынша,

“*«еңбек нарығындағы жастар проблемаларының шынайы ауқымы әлдеқайда үлкен, өйткені жастардың тапқан жұмысы лайықты деп атауға болады. Жастар өз құқықтарын бұзумен бетпе-бет кездесіп, жұмыспен толық қамтылмауға келіседі және бейресми секторда еңбек етуге дайын».*”

Соның салдарынан бүгінгі күні жұмыс істейтін жастардың шамамен 156 млн немесе 37,7% бөлігі кедейлік шегінде немесе орташа кедейлік жағдайында өмір сүреді.

2018 жылдың қыркүйегінде БҰҰ жастар жұмыссыздығын шешудің бір жолын ұсынды. БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерреш алғаш рет халықаралық аренада шартсыз базалық табыс енгізу қажеттігі туралы мәлімдеді. Бұған дейін халыққа, жастарға ғана емес, аймақтық деңгейде де осындай әлеуметтік көмек көрсету идеясы айтылды. Атап айтқанда, Швейцарияда 2016 жылы референдумда жұртшылық шартсыз базалық табысты енгізу жоспарларынан бас тартты.

“**Т**ехнологиялық жетістіктер әлемдік еңбек нарығын бұзуы мүмкін, көптеген дәстүрлі жұмыс орындары мен мамандықтар жойылады, ал жұмыс іздеп жүрген жастар саны өсе береді. Қайта оқыту бұрын ойламаған ауқымда талап етіледі. Білім беру мектептің төменгі сыныптарынан бастап бейімделуі тиіс. Жасанды интеллект пен автоматтандырудың әсерінен жұмыс сипаты өзгереді. Сайып келгенде, мемлекеттер шартсыз базалық табыс енгізуге мәжбүр болады.”

БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерреш
БҰҰ Бас Ассамблеясының 73-ші сессиясы
2018 жылғы 25 қыркүйек

Өз кезегінде Финляндияда екі жыл бойы жұмыссыз финдардың бір тобы (2000 адам) айына 560 еуродан алып отырды. Эксперимент қорытындысы міндеттемелері жоқ төлемдер әл-ауқат деңгейін арттыратынын көрсетті. Бірақ сирек жағдайларды қоспағанда, бұл мансаптық амбицияларға түрткі болмайды. Көп жағдайда төлем сомасы экспериментке қатысушылардың барлық қажеттіліктерін өтей алған жоқ. Финляндиядағы орташа жалақы жәрдемақидан бес есе асады және айына 2900 еуроны құрайды. Қарапайым мансаптық жетістіктерге қарамастан, ШБТ алушылар өздерін жақсы сезінді. Алайда, бұл жоба мерзімінен бір жыл бұрын аяқталды.

Алдын ала бағалауға сәйкес, шартсыз табыс бағдарламалары арзанға түспейді және мемлекеттік бюджет үшін үлкен жүктеме болады. Мысалы, Германиядағы әрбір ересек адамға 416 еуро көлемінде жәрдемақы төлеу үшін мемлекет жылына 350 млрд еуро жұмсауы керек. Бұған дейін америкалық экономистер АҚШ-та ШБТ төлемі жылына 3 трлн доллар болады деп есептеді - бұл ел бюджетінің жалпы шығындарының 75% бөлігін құрайды.

Сонымен қатар, бұл мысалдар мемлекеттің жаһандық экономикалық нарықтың қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес келетін білім беру жүйесін жаңғыртумен қатар жастарды әлеуметтік қолдаудың жаңа құралдарын қарастыратынын көрсетеді. Қабылданып жатқан шаралар жастардың экономикалық мобильділігі мен олардың болашаққа деген сенімділігін ынталандыруы тиіс.

Жаһандық жұмыспен қамту нарығының құрылымында мынадай тәуекел тобы – **NEET санатындағы жастардың үлесін** жеке қарау керек. Жастардың еңбек нарығына қатысуы тұрғысынан осалдығын жақсы түсіну үшін жұмыспен қамту және жұмыссыздық дихотомиясына негізделген еңбек нарығының қарапайым дәстүрлі көрсеткіштері шеңберінен шығу туралы шешім қабылданды. Жаңа индикаторларға деген қажеттілік қазіргі әлемдегі еңбек нарығының байланыстылығын білдіретін көптеген нюанстарды байқау үшін айқын болды. Мәселен, NEET саяси аренаға шығып, жастар саясатын талқылаудың басты элементі болды. Осы ауқымдағы жастар проблемаларына назар аударудан басқа, NEET сияқты тұжырымдаманы пайдаланудың негізгі қосымша құндылығы жастардың еңбек нарығына, білім беруге және жалпы қоғамға қатысуы тұрғысынан жағымсыз жағдайының көп қырлы сипатын түсінуді кеңейту болып табылады. ЭЫДҰ елдерінде, атап айтқанда, NEET санаты жастардың маргиналдануы мен ажырау көрсеткіші ретінде қолданылады.

Бүгінде жастардың білім беру саласынан да, еңбек нарығынан да алшақ қалған бөлігі әлеуметтік қауіп-қатерді бастан кешіруде. Бүкіл әлемде жастардың осы әлеуметтік санатының өсу үрдісі байқалады. ХЕҰ болжамы бойынша, 2020 жылы олардың саны 22,4%-ға жетеді. Қазақстанда NEET санатындағы жастардың үлесі 7,4% (2019 жыл) құрайды, бұл Еуропадағы орташа көрсеткіштен төмен - 12,6%.

ХЕҰ сарапшыларының айтуынша:

«*Әлемде тым көп жастар білім беру жүйесінен және еңбек нарығынан бөлініп шығады және бұл олардың өмірлік перспективаларына зиянды әсер етуі, ал сайып келгенде олардың елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуын бұзуы мүмкін. Бірақ олардың осы санатта болуының себептері алуан түрлі. Міндет - нәтижеге қол жеткізу үшін батыл қадамдар және іс-әрекеттермен осындай жастармен жұмыс істеу үшін қажетті икемді тәсілді ақылға қонымды үйлестіру. Мұнда әмбебап рецепт жоқ.*»

Гендерлік аспектіге ерекше назар аудару керек, өйткені осы санаттағы жас әйелдердің пайызы өте жоғары. Атап айтқанда, жас әйелдер үшін жаһандық NEET көрсеткіші (31,1%) жас ерлер арасындағы көрсеткішке (13,9%) қарағанда екі есе жоғары. Гендерлік алшақтық әсіресе араб мемлекеттері мен Оңтүстік Азияда үлкен, онда жас әйелдер жас ерлерге қарағанда үш-төрт есе жиі NEET мәртебесіне ие. Бұл ретте NEET көрсеткіші осы уақытқа дейін орталық және Батыс Азиядағы жас әйелдер үшін 10 пайыздық тармақтың төмендеуін қоспағанда, бірде-бір субөңірде айтарлықтай азайған жоқ.

NEET санатындағы жастар үлесінің жоғары көрсеткіші бірқатар теріс қысқа мерзімді, сондай-ақ қоғам үшін ұзақ мерзімді салдарға ие болуы мүмкін. Тұрақты жұмыс іздеп жүрген жастар айтарлықтай психологиялық қысым көріп, соның салдарынан өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын нашарлатып алу қаупі бар. Өкінішке орай, NEET санатындағы жастардың кейбір бөлігі қылмыстық әрекетке бейім. Сонымен қатар, Қазақстанда 2019 жылы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген зерттеу NEET санатындағы жастардың 86%-ы өз болашағына қатысты үнемі рефлексия жасап, өз өмірін жоспарлауға тырысады («Иә, менің болашаққа жоспарым бар» және «бар, бірақ анық емес» деген жауап нұсқаларының жиынтық көрсеткіші). «Жоқ, менде ол жоқ» деген жауап нұсқасын таңдаған респонденттердің 6,8%-ы ғана өз болашағын жобалаудан алыс.

Жастарды жұмыспен қамту проблемаларын шешу жөніндегі әлеуетті тиімді шаралардың бірі жастар кәсіпкерлігін қолдау болып табылады. Жастар кәсіпкерлігін дамыту мемлекеттің инновациялық әлеуетін айқындайтын болады. Мысалы, Біріккен Араб Әмірліктері африкалық жастардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін, атап айтқанда, қазіргі заманғы инновацияларды енгізу және болашақ мамандықтары үшін жастарды қайта даярлау мақсатында 500 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция бөледі. Бірінші кезекте қаржы қаражаты кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталатын болады. Бүгінгі күні Африка - планетадағы ең жас және тез өсіп келе жатқан континент. Онда 15-тен 24 жасқа дейінгі 226 млн адам тұрады - бұл халықтың 20%-ы; Сахарадан оңтүстікке қарай Африканың 15 елінде халықтың жартысы 18 жасқа толмағандар; және 2035 жылға қарай Африканың еңбекке жарамды халқы қалған әлемді тұтас алғандағы халықтан асып кетеді.

Құрылымдық кедергілер жойылғанға дейін, жастарға бағытталған жұмысқа орналастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру одан әрі түңілуге ықпал етуі мүмкін. Жастар жұмыссыздығының салдарын барынша азайту жөніндегі жүйелі шаралар, оның ішінде кәсіптік бағдар беру жұмысын жетілдіру, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, сондай-ақ NEET санатындағы жастармен байланысты проблемаларды шешу жастар саясатының тиімділігін ғана емес, жалпы алғанда мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын болады.

АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚАТЫСУ

Жастардың қоғамдық-саяси процестерге тартылуы жастар саясатын дамытудың тағы бір негізгі факторы болып табылады. Алайда, бүгінде ол түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Deloitte (консалтинг және аудит саласында қызмет көрсететін компаниялардың халықаралық желісі) зерттеу нәтижелеріне сәйкес, 42 ел мен аумақтағы жас ұрпақта (13 426 миллинал (Ұрпағы) және 10 елде 2 ұрпағының 3 000 өкілі бар):

- **бұқаралық ақпарат құралдарын қоса алғанда, дәстүрлі қоғамдық институттарға қатты сенімсіздік байқалады және олар әлеуметтік прогреске пессимистік түрде қарайды.** Орта есеппен әлем бойынша 73% респондент саяси көшбасшылар әлемді жақсартуға қабілетті емес деп санайды; 66% - діни көшбасшылар туралы да осылай ойлайды. 45% респондент сенімді ақпарат көзі ретінде көшбасшылардың ешқайсысына сенім білдірмейді;

- олар өз өміріне, қаржылық жағдайына, жұмысына, үкімет пен бизнес көшбасшыларына, әлеуметтік желілерге немесе деректерінің қолданылуына аса бір қанағаттанбайды;

- олар өз отбасыларын немесе бизнесін құрудан гөрі өз қауымдастықтарына саяхаттауға және көмектесуге тырысады.

The Basic Income Experiment 2017–2018 in Finland. Preliminary results, http://julkaisutvaltionuovosto.fi/bitstream/handle/10024/161361/Report_The%20Basic%20Income%20Experiment%2020172018%20in%20Finland.pdf?sequence=1&isAllowed=y
In Finland, Money Can Buy You Happiness, <https://www.bloomberg.com/opinion/articles/2019-02-09/universal-basic-income-in-finland-money-can-buy-you-happiness>
Берлинде жұмыссыздарға ШБТ сияқты төлем жүргізе бастады, <https://hightech.plus/2019/02/28/v-berline-bezrobotnim-nachali-platit-podobie-boda>
Exploring the diversity of NEETs, https://www.eurofound.europa.eu/sites/default/files/ef_publication/field_ef_document/ef1602en.pdf
Young people neither in employment nor in education and training by sex, age and labour status (NEET rates) <http://appsso.eurostat.ec.europa.eu/nui/submitViewTableAction.do>
Жұмысқа және кәсіби дайындыққа қол жеткізе алмаған жастар саны артып келеді, https://www.ilo.org/moscow/news/WCMS_738382/lang-ru/index.htm
Global Employment Trends for Youth 2020, https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/-dgreports/-dcomm/-publ/documents/publication/wcms_737648.pdf
The Deloitte Global Millennial Survey 2019, <https://www2.deloitte.com/content/dam/Deloitte/global/Documents/About-Deloitte/deloitte-2019-millennial-survey.pdf>
Жастардың азаматтық және саяси тартылуы және жаһандық азаматтық, <https://www.un.org/ru/chronicle/article/2743>

Нәтижесінде БҰҰ сарапшысы, Ұлыбритания Суррея университетінің психология профессоры Мартин Барретт атап өткендей:

«Жастардың саяси қызметтің дәстүрлі форматтарына қатысуға қызығушылығы төмендеу үрдісін көрсетеді, алайда зерттеу нәтижелері жас азаматтардың көп саны өз елдерінде дәстүрлі емес және азаматтық белсенділік түрлеріне белсенді тартылғандығын анық көрсетеді. Егер бұрын жастардың алаңдаушылығын тудырған мәселелер жастарды белгілі бір кандидаттар үшін дауыс беру немесе өздерінің сайлау өкілдеріне үндеу жазу түрінде әрекетке итермелесе, бүгінгі күні мұндай мәселелер тұтынушылық акциялар, наразылықтар мен демонстрациялар арқылы, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі белсенділік, қайырымдылыққа қаражат жинау немесе жергілікті қоғамдастықтар деңгейінде волонтерлік жұмыс арқылы шешілуі мүмкін».

Жастар көпшілік демонстрациялар арқылы өз дауысын жиі білдіре бастады. Осылайша, 2020 жылдың қаңтар айында Иранда студенттер Иран режиміне қарсы митинг жасады. Жастар украин ұшағының апатқа ұшырауына байланысты оқиғаларға наразылығын білдірді. Жас демонстранттар, негізінен Тегерандағы Шахида Бехшти университетінің студенттері американдық және израильдік жалаулармен жүруден бас тартты, олардың нағыз жауы – АҚШ емес, ирандық тәртіп деп ұрандады. Өз кезегінде «Жастар мен студенттер әлеуметтік теңдік үшін» халықаралық ұйымы АҚШ-та Иран генералы Касем Сулейманиді өлтіргеннен кейін соғыс қаупі тақырыбында бірқатар кездесулер өткізді. Кездесулер айтарлықтай назар аударды және көптеген жастар Таяу Шығыстағы қақтығыстың одан әрі ұшығуына алаңдаушылық білдірді.

Бүгінгі таңда жастар әлеуметтік акцияларға кеңінен қатысу арқылы өзінің саяси ұстанымын белсенді түрде білдіреді. Өз тарапынан, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі мен рөлі артып келе жатқанын түсіне отырып, мемлекеттік институттар оларды шешім қабылдау процесіне тартуға ықпал етеді. 2020 жылғы қаңтарда Еуропа Кеңесі 2030 жылға дейінгі жастар секторын дамытудың жаңа стратегиясын қабылдады. Стратегия мынадай бағыттарды қамтиды: жастар плюралистік демократияны жаңғыртады, жастардың құқықтарына қол жеткізу, бейбіт және инклюзивті қоғамдарда бірге өмір сүру, жастар және жұмыс. Стратегияны қабылдау туралы мәлімдемеде аталған стратегияны әзірлеу мен қабылдауда Еуропа Кеңесінің жастар секторы мен оның бірлескен басқару жүйесін, Страсбург пен Будапешт қаларындағы еуропалық жастар орталықтарын, еуропалық жастар қорын және жастар саласындағы Еуропалық комиссиямен әріптестікті қоса алғанда, құралдары ерекше рөл қабылдағаны атап өтілген.

Сарапшылар атап өткендей, **жастардың азаматтық және саяси қатысуының тағы бір маңызды сипаттамасы нақты мәселелерге, заманауи шындыққа шоғырлану болып табылады, бұл экологиялық қауіпсіздік проблемалары.** Бұл маңызды рөлді танымал 16 жасар швед экоактивист Грета Тунберг атқарды. Бүкіл әлем бойынша көптеген жастар үшін ол климаттық өзгерістерге қызығушылық тудырған үнге және катализаторға айналды. Белгілі бір дәрежеде ол жастар белсенділігінің өсуіне ықпал етті. Бірнеше еуропалық елдерде оқушылар бірнеше ай бойы жұма күндері мектеп сабақтарына қатысудың орнына климатты қорғау маршрутына шықты.

Германияда 66 жыл бойы әр төрт жыл сайын 12-25 жас аралығындағы жастар арасында өздерінің болашағын қалай көретінін, саясат, отбасы, дін туралы не ойлайтынын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіледі. 2019 жылы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, егер 17 жыл бұрын саясатпен айналысу ниетін шамамен 20-22% респондент білдірсе, қазір олардың үлесі 34%. Жаһандық жылындың салдарына қатысты қауіптер Германияда жастарды саяси белсенділікке итермелейді деп болжануда. Атап айтқанда, 71% респондент қоршаған ортаны ластаудың салдарынан қорқады. Жастар демонстрациялардан әрекеттерге көшеді. Берлинде бір топ жастар үкіметті климат саясатына қатысты сотқа берді, олардың айтуынша, бұл олардың негізгі құқықтарын қорғамайды. Олар Федералдық конституциялық сот 2019 қараша айында қабылданған Германияның климатты қорғау туралы заңын қайта қарауды сұрайды. Олардың айтуынша, бұл заң климаттық дағдарыс проблемасын шешу үшін жеткіліксіз. Бұған дейін жастар терроризмнің таралуын негізгі қауіп ретінде қарастырып келді.

Жастардың өсіп келе жатқан экологиялық белсенділігі олардың нақты және әлеуетті әлеуметтік-экономикалық және саяси белсенділігінің дәрежесін арттырады. Нәтижесінде, көптеген елдер жастардың қоғамдық процестердегі рөлін қайта пайымдай бастайды. Филиппинде қабылданған заңға сәйкес, мектеп, колледж немесе ЖОО-ның әрбір түлегі аттестат алу үшін он ағаш отырғызуға міндетті. Заң жобасының авторы Гари Алехано атап өткендей, 12 млн мектеп түлегі мен 5 млн университет түлегі жылына 175 млн ағаш отырғыза алады. Оның бағалауы бойынша, аталған заңды жүзеге асыру аясында бір ұрпақ заманында шамамен 525 млрд ағаш отырғызуға болады. Канадалық жастардың белсенділігі арқасында Жастар климаттық зертханасына қолдау көрсетілді. Оның құрылысына федералдық үкіметтің Климат бойынша іс-қимыл қоры арқылы 200 мың АҚШ доллары бөлінеді. Осылайша, бүкіл әлем бойынша жастар мемлекеттің одан әрі ұлттық құрылысы мен дамуы мәселелерінде шешімдер қабылдау процесіне белсенді қатысады.

Жалпы алғанда, жастардың денсаулық жағдайы, білім беру әлеуеті мен кәсіби даярлығы параметрлерін зерттеудің елдің дамуын жоспарлау және болжау мәселелерінде стратегиялық маңызы бар. Алайда, қазіргі заманғы жастар саясатының білім беру, денсаулық сақтау, жұмыссыздықты азайту, жастардың азаматтық және саяси белсенділігін қолдау сияқты дәстүрлі бағыттарымен қатар, жастар саясатының стратегиясын айқындайтын жастар ортасындағы ағымдағы трендтерге мониторинг пен талдау жүргізу қажет.

Атап айтқанда, қоғамдағы цифрлық үрдістер жастардың сана-сезіміне және мінез-құлқына, оларды дәстүрлі әлеуметтік байланыстардың контекстінен шығарып елеулі әсер етеді. Философия ғылымдарының докторы, профессор, Ресей СІМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі С.А. Кравченко атап өткендей

«Жастар «сүзгілерге» тәуелді болды. Тінәйджерлер мәдени ресурстары жоқ секілді және ұялы компьютерлерден басқа да көптеген фактілер мен пікірлерге сүйенуі керек сияқты өмір сүре бастады. Тісінше, олардың бақыт пен әділдік туралы көзқарастары сапалы өзгереді. Егер бұрын мұндай көзқарастар әлеуметтік-мәдени мағынаға ие болса, тамыры бар құндылықтар мен нормаларға негізделсе, қазіргі кездегі табыс индивидтің цифрлық ортаға бейімделуімен анықталады».

Жастар тренді үздіксіз және жылдам өзгеріп отырады. Олардың пайда болуына әртүрлі көзқараспен қарауға болады: оларды қолдауға немесе сынға алуға болады, бірақ жастармен табысты жұмыс істеу үшін заманауи үрдістерді елемеге болмайды. Сондықтан жастар ортасындағы әлеуметтік өзгерістерді басқару процесіне жаңа тәсілдер қажет. Тиімді жастар саясаты үшін үрдістерді қадағалау жеткіліксіз, оларды құруды үйрену маңызды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, қазіргі заманғы жастар саясатының жай-күйін, сондай-ақ жастардың даму перспективаларын айқындайтын маңызды сын-тегеуріндер мен үрдістер:

- жас ұрпақ денсаулығының жалпы деңгейінің төмендеуі, атап айтқанда репродуктивтік ұстанымдардың төмендігі, психикалық денсаулығының нашарлауы;
- жалпы білім беру жүйесінің экономикалық еңбек нарығының болашақ қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі және соның салдарынан жас мамандардың кәсіби жарамсыз болуы;
- жастар арасындағы жұмыссыздық пен NEET санатындағы жастар үлесінің өсуі;
- жастардың әлеуметтік көңіл-күйі деңгейінің төмендеуі, болашаққа деген сенімділіктің болмауы;
- дәстүрлі әлеуметтік байланыстар мен институттардың кетуімен сипатталатын экологиялық және саяси наразылықтың өсуі.

Осы жағдайларда қазіргі заманғы жастар саясаты көбінесе сандық мақсаттар мен міндеттерден (қамту мен тартылудың өсуі, қолжетімділікті қамтамасыз ету және басқалар) сапалы транзитті – жастардың зияткерлік капиталының әлеуетін ұлғайтуды, әлеуметтік субъект ретінде жастардың өнімділігін арттыруды, жастар саясатын іске асыруға тартылған институттардың ресурстарын үйлестіру мен біріктіруді қамтамасыз етуге тиіс. Бүгінгі таңда жаһандық экономикалық қоғам неғұрлым креативті болып келеді, оның басты өнімдері қызметтің түрлі салаларындағы жаңа идеялар мен инновациялар болып табылады. Бұл жағдайда адами капитал экономикалық даму мен әлемдік көшбасшылықтың негізгі көзіне айналады. Яғни, елдердің табыстылығы негізгі тасымалдаушысы жастар болып табылатын адами капиталдың сапасы мен инновациялық әлеуетіне негізделетін болады. Сондай-ақ жастарға жеткіліксіз көңіл аудару, елдің әлеуметтік-экономикалық түрленуі мен жалпы әл-ауқатына қатысты жоспарды іске асырудың өзі екіталай болуы мүмкін.

Жастардың азаматтық және саяси тартылуы және жаһандық азаматтық, <https://www.un.org/ru/chronicle/article/21743>
Жас немістер дәстүрлі құндылықтарға оралады, http://www.ng.ru/world/2019-10-17/6_7705_germany.html
New Filipino Law Requires Every Student To Plant 10 Trees If They Want To Graduate,
<https://www.forbes.com/sites/trevornace/2019/05/29/new-filipino-law-requires-every-student-to-plant-10-trees-if-they-want-to-graduate/#794dc6655aeb>

Бұл тұрғыда Қазақстандағы жауапты уәкілетті органдарға жастар ортасындағы әлеуметтік өзгерістерге тұрақты негізде зерттеулер жүргізу маңызды. Бұл динамика, кешенді жастар бағдарламаларымен қатар, оның ішінде өмір бойы оқыту және бейресми білім беру стратегиясын кеңінен енгізу жалпы жастарға да, оның проблемалық бөлігіне да бағдарланған жүйелі жастар саясатын әзірлеу үшін жақсы негіз бола алады. Бұл ретте жастар саясаты саласындағы мемлекеттік шараларды іске асырудағы сектораралық тәсіл (бұл жастар мүддесі үшін түрлі ведомстволар мен ішкі ведомстволық құрылымдардың өзара іс-қимылын білдіреді) жалпыұлттық даму стратегиясы шеңберінде жастардың қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Бұған жастардың жеңілдікті тұрғын үймен, денсаулық сақтау қызметтерімен, жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерімен қамтамасыз етілуі мәселелерін қоса алғанда, сапалы және қолжетімді білім, кәсіби даярлау және қайта даярлау, қолайлы әлеуметтік-экономикалық өмір жағдайларына деген қажеттіліктер кіреді. Бұл шаралар олардың жаһандандудың жылдам өзгеретін жағдайларында қоғамда табысты әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Жастар саясатын іске асыруда жас адамды дамыту және оның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау мемлекеттің басымдығы болуға тиіс. Дәл осы жастар ресурсы экономикалық өзгерістерге және ел өмірінің сапалы өзгеруіне ықпал ететін болады.

ЖАСТАР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАР



Жастар әрқашан қоғамның басым әлеуметтік-демографиялық топтарының бірі болды, ол жасына байланысты көптеген мәселелер бойынша осал позицияда және мемлекет тарапынан арнайы әзірленген қолдау желісін қажет етеді.

Бұл тарауда жастармен жұмыс істеу кезінде әлемнің дамыған елдері қабылдайтын нақты шараларға, жобалар мен бағдарламаларға баса назар аударып отырып, жас ұрпаққа мемлекеттік әлеуметтік қолдау көрсетудің шетелдік тәжірибесі қаралады.

Бағыт ретінде БҰҰ 2019 жылғы даму бағдарламасы Адами даму индексінің көшбасшы елдерін алу ұсынылады, ол нақты уақыт кезеңінде ұлттық қоғамдардың дамуының тәуелсіз, талдамалық және эмпирикалық негізделген көрінісі болып табылады.

Бұл индекстің артықшылығы ол табыс пен әл-ауқатты талдауды ғана емес, яғни экономикалық көрсеткіштерді, сондай-ақ денсаулық, білім беру, қоршаған ортаның жай-күйі, қауіпсіздік, коммуникация, еңбек жағдайлары, өзіндік қадір-қасиетін сақтау, адам құқықтарын сақтау және еркін таңдауды жүзеге асыру қабілеті сияқты аспектілерді қамтиды. Индексті әзірлеу кезінде өмірдің түрлі салаларында ондаған процестер ескерілді. Индекстеу нәтижесінде қалыптасқан мемлекеттер рейтингі – бұл әр елдің жағдайын сапалы түрде объективті бағалауға талпыныс деп айтуға болады.

1-КЕСТЕ. АДАМИ ДАМУ ИНДЕКСІНДЕГІ КӨШБАСШЫ МЕМЛЕКЕТТЕР, 2019

Индекстегі орны	Мемлекет	Адами даму индексі (АДИ)	Туу кезінде күтілетін өмір сүру ұзақтығы	Күтілетін оқу жылдары	Орташа оқу жылдары	Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ
1	Норвегия	0,954	82,3	18,1	12,6	68 059
2	Швейцария	0,946	83,6	16,2	13,4	59 375
3	Ирландия	0,942	82,1	18,8	12,5	55 660
4	Германия	0,939	81,2	17,1	14,1	46 946
5	Гонконг (КНР)	0,939	84,7	16,5	12	60 221

189 елдің ішінде Қазақстан Республикасы «Адам дамуының өте жоғары деңгейі» тобында 50-ші орында тұр.

50	Қазақстан	0,817	73,2	15,3	11,8	22 168
----	-----------	-------	------	------	------	--------

Норвегия, Швейцария, Ирландия, Германия, Гонконг сияқты бес көшбасшыға келетін болсақ, бұл елдерде азаматтарға, оның ішінде жастар үшін шын мәнінде қолайлы әлеуметтік – саяси жағдайлар жасалған. Осы тарауда жоғарыда аталған мемлекеттердің жастар саясаты жөніндегі бағдарламалық құжаттарын, олардың жастармен жұмыс істеуіндегі неғұрлым табысты жобаларын қарау ұсынылады.

Бүгінде бәсекелестіктің жаңа түрі байқалады – адам ресурстары үшін, жас ұрпақтың ақыл-ойы үшін күрес. «Мидың ағылып кетуі», ұлттық бірегейлікті сақтау, оқыту мен дамуға уәждеменің болмауы, мемлекетке тұтынушылық қарым-қатынас, басқалардың проблемаларына индифференттілік мәселелері – бұл күн тәртібінде тұрған мәселелердің толық тізімі емес.

Білім берудегі тәрбие компоненті - жастар саясатының маңызды бөлігі. Бұл ретте, бұл сипаттама – нақты емес және анықтау мен талдау қиынға соғатындардың бірі. Тәрбие - бұл кешенді әлеуметтік процесс, оның мақсаты жеке тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады. Ол отбасында басталып, мектепте, спорттық секцияда, шығармашылық үйірмелерде, қосымша білім беру ұйымдарында, ЖОО мен жұмыс орнында жалғасады.

Дамыған елдерде жастарды тәрбиелеу бойынша идеологиялық, азаматтық-адамгершілікке қатысты да, жекелеген мемлекеттік бағдарламалар жоқ. Жалпы алғанда, әзірлеушілер өздерін осындай ұғымдардан аулақ ұстайды, мемлекеттік құжаттарда «идеологиялық тәрбие» деген сөздерді іс жүзінде кездестірмейсің, бірақ «жастардың дамуы» деген сөз тіркесі жиі қолданылады. Осылайша, тәрбие процесі бүкіл қоғамның кешенді дамуындағы жас ұрпақтың даму процесі ретінде динамикалық және интегративті түрде қаралады. Жастарды, әсіресе оның маргиналды және проблемалық топтарын қоғамға қосу - бұл ұлттық стратегиялардың басты мақсаты. Осы себептен келесі форматтарда өткізілетін әлеуметтендіру құралдарына көп көңіл бөлінеді:

- жастар клубтары - аудандар мен жергілікті қауымдастықтар деңгейіндегі ең ұсақ ұяшықтар;
- жастар кеңестері мен қауымдастықтары - қалалар деңгейінде;
- жастар парламенттері – провинциялар мен мемлекеттер деңгейінде.

НОРВЕГИЯ

Елімізде жастардың бос уақытын ұйымдастыру мәселесіне XX ғасырдың екінші жартысында назар аударылды. 1946 жылы мемлекеттік жастар саясатын жобалау мен үйлестіруге жауапты Ұлттық спорт басқармасы құрылды.

Мемлекет жастар арасында демократиялық құндылықтарды белсенді насихаттауда. Стортинг (Норвегия Парламенті) жастармен әртүрлі формада ынтымақтасады: экскурсиялар, жастардың парламенттегілермен кездесулері, оқыту бағдарламалары. Парламент сайтында «жастар парақшасы» бар, онда жас норвегиялықтар халық өкілінен сұхбат жүргізіп, сұрақ қойып, түсініктеме алады.

Норвегия үкіметінің ұстанымы - жастарды жастар саясатын іске асыруға тарту. Бұл норвегиялықтардың дәстүрлі өмір салтымен түсіндіріледі: қатал климатқа байланысты осы елдің тұрғындары коммуналар деп аталатын 5000-10000 адамнан тұратын қауымдастықтарда өмір сүруге үйренген. Елде 434 коммуна бар. Коммунаның мүшесі көп жағдайда оған тәуелді, бірақ бұл ретте әрдайым қолдауға сене алады. Шын мәнінде, коммуна - адамды тәрбиелейтін ұжым. Жастар 18 жасқа жетіп, толыққанды мүше болғанда, ересектер олардың тартылуын оң қабылдайды. Логика мынадай: қазіргі заманғы демократиялық қоғамда адамға батылдық, оптимизм және әрекет ету ниеті қажет, бұл қасиеттер, егер оларды жасөспірім шақта тежесе, кемелденген кезде бойларынан табылмайды. Жастар ерте жастан бастап кішкентай қауымдастықтарға үлес қосуы керек, сол кезде ересек өмірде олар мемлекет ауқымында қоғамға ықпал етіп, өзгерте алады. Шетелдік шолушылар Норвегияда өскелең ұрпаққа ерекше қарым-қатынас орнағанын атап өтті: жастар - бұл шешу, қаражат салу, жағдай жасау проблемасы емес, керісінше, ресурс пен жаңа шешімдердің көзі. Сондықтан Норвегия жастар саясатының орталық идеясы - жастардың өзін қалыптастыруға қатысуы.

Норвегияның барлық коммуналарында жастар кеңестері, қауымдастықтар (олардың 400-ден астамы) және клубтар (олардың 1000-нан астамы) жұмыс істейді. Сауалнамалар көрсеткендей: жастардың 90%-ы ерікті үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері болып табылады және басым бөлігі жергілікті клубтарға тұрақты түрде барып тұрады, олар шығу тегіне, қаржылық жағдайына және мүдделеріне қарамастан барлық адам үшін ашық кездесу орны болып саналады. Бұл бағытта Қазақстанның да белгілі бір тәжірибесі бар. Атап айтқанда, мемлекет аула клубтарының әлеуетін пайдаланады және күшейте алады.

Ослода орналасқан осындай клубтардың бірі орналасқан мысал ретінде қарастырайық. Ол 1994 жылы құрылды және "X-Ray Youth Center" деп аталады. Клубқа ескі фабрика ғимараты берілді. Оған жас құрылысшылар тобы жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жастарды жұмысқа орналастыру мемлекеттік бағдарламасы бойынша жергілікті муниципалитетті қайта құруды қаржыландырды. Қазір клубта зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ететін бұрынғы гангстерлер, жастардың емделуші бірлестігі жұмыс істейді; қылмыстың алдын алу номинациясында ұлттық жүлде алған стрит-дэнсерлер тобы (көше бишілері); Араб музыканттарының шағын тобы және үстел теннисі секциясы. Әрбір топ ұрлық, вандализм, қару, есірткі және кемсітушілік сияқты тыйым салатын компоненттер көрсетілген 3-беттік келісімшартқа қол қояды. Ережені бір мүше бұзған жағдайда, топ клубтан толығымен шығарылады. Муниципалитет тарапынан клуб үйлестірушісі және музыка, технология және мәдениет жөніндегі 3 кеңесшісі бар.

Халықаралық шолушылардың айтуынша, осындай клубтар шулы ұрандар мен көлемді қаржы шығындарын қамтымайтын, нағыз жастардың жұмысы. Халық саны 10 мың адамнан аз, оның ішінде 1200 – балалар мен жасөспірімдер болып табылатын Фауска муниципалитетінде 43 жастар ұйымы бар (спорт үйірмелері есебінсіз), оларға шамамен 300-400 жастар мүше болып табылады. Айта кету керек, 9 белсенді жастар кеңесіне сайланды және олар муниципалдық кеңеспен үнемі кездесулер өткізіп тұрады, онда жастар мәселелерін, мәдениет және қоршаған орта мәселелерін талқылайды.

ШВЕЙЦАРИЯ

Бұл елде жастар саясаты «Саясат жастар үшін емес, жастармен бірге!» («Policy with young people and not for young people!») деген ұранмен құрылады. Елде конфедерациялық құрылым, 26 кантон және 2396 муниципалитет бар, олардың әрқайсысы жастар мәселесі бойынша өз бетінше шешім қабылдайды. Швейцариялық саяси дәстүр: мәселе мүмкіндігінше төмен деңгейде шешілуі керек.

Елде 64 жастар ұйымының ынтымақтастығына ықпал ететін **Швейцария Ұлттық жастар кеңесі және Швейцария мен Лихтенштейннің 60 жастар Парламентін** біріктіретін **Швейцария Жастар парламенті** жұмыс істейді.

ИРЛАНДИЯ

Басқа еуропалық елдерге қарағанда, Ирландияда бала туудың өсуі және жас халықтың ұлғаюында оң серпін байқалады – ирландиялықтардың 34%-ы әлі 25 жасқа толмағандар және жыл сайын жастар саны артып келеді. Үкіметтің орта мерзімді даму стратегиясында: «біздің өсіп келе жатқан жас халық – ел үшін елеулі ресурс және осы санаттың даму жағдайларын қамтамасыз ету – болашақ экономикалық жоспарлаудың маңызды элементі» делінеді. Ирландияда жастар мәселелерімен Балалар мен отбасын қолдау жөніндегі агенттік айналысады, алайда елімізде **«пәнаралық тарту»** қағидатын ұстанады, яғни жас ұрпақ үшін барлығы – мұғалімдер, әлеуметтік және жастар қызметкерлері, дәрігерлер, психотерапевтер, тілді дамыту және отбасын жоспарлау жөніндегі мамандар ұжымдық жауапкершілікті мойнына алады. Ирландиялықтар «Баланы бүкіл ауыл болып тәрбиелейді» деген мақалды жақсы көреді.

Ирландиядағы жастар саясаты кең ауқымды әлеуметтік зерттеу негізінде әзірленген: 2012 жыл ішінде Үкімет жанындағы жұмыс тобы жастардың сараптамалық пікірлерін жинады. Нәтижесінде 66705 пікір мен тілектер және сарапшылардың 1000-нан астам ұсыныстары талданды.

Сонымен қатар, ирландиялық экономистердің есептері қызықты көрінеді: жастарға инвестицияланатын 1 еуро кейіннен еңбекке қабілетті және белсенді жастардан экономикалық пайда түрінде 2,20 еуро әкеледі; жастар арасындағы проблемалардың алдын алу оларды шешу әлдеқайда тиімді: профилактикаға инвестицияланатын 1 еуро проблемаларды шешу және бейтараптандыру үшін талап етілетін 7-ден 9 еуроға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Ирландияда **тәрбиеге отбасылық-бағдарлы көзқарас** ұстанады, яғни тәрбие процесі негізінен отбасында өтеді, ал мемлекет бірінші кезекте ата-аналарға қолдау көрсетуді парыз санайды. Жастар саясаты жөніндегі тұжырымдамада мақсаттар басымдық бойынша мынадай тәртіппен орналастырылған:

1. Ата-аналарды қолдау
2. Ерте араласу және алдын алу
3. Жастарды тарту
4. Қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету
5. Транзиттік кезеңде жастарға қолдау көрсету
6. Үкіметаралық және ведомстваралық ынтымақтастық және үйлестіру.

Сондай-ақ, жастарды өзекті мәселелерді шешу процесіне тарту маңызды рөл атқарады. Елде Ирландияның **Ұлттық жастар кеңесіне** біріктірілген **49 ерікті жастар ұйымы** жұмыс істейді. Жастар ұйымдарының мүшелері 380 000 адам, олардың барлығы:

- ұлттық жастар кеңесі әзірлеген тренингтер мен курстарға қол жеткізе алады,
- жеке даму және кәсіби бағдар бойынша кеңес ала алады.

ГЕРМАНИЯ

Германияда дәстүрлі түрде мемлекеттік институттар жастар саясатын қалыптастыру мен реттеуде жетекші рөл атқарады. Алайда, соңғы жылдары жастардың қатысуының маңыздылығына баса назар аударылады. Германия тарихындағы жастар саясаты бойынша алғашқы федералды тұжырымдамалық құжат болып табылатын жақында қабылданған (2019 жылғы 3 желтоқсан) **бірлескен жастар стратегиясына** сәйкес, **жалпы жауапкершілік принципі** жарияланды. Ол жастар саясаты Үкіметтің немесе профилдік ведомстволардың жұмысымен шектелмейді, оны қалыптастыруға ГФР-ның барлық министрліктері мен агенттіктері, сондай-ақ кәсіби қауымдастықтар, ҮЕҰ, шатырлы ұйымдар, жастар бірлестіктері мен топтары белсенді қатысады дегенді білдіреді. Жыл бойы (2018 жылғы қазаннан 2019 жылғы желтоқсанға дейін) «жастар» ведомстваралық жұмыс тобы жастар саясатының кеңестерін, форумдарын, күндерін өткізді, онда жастар сарапшылар ретінде және өз атынан жастар стратегиясын әзірлеуге қатысты. Жұмыс тобы нақты мәселелер бойынша, соның ішінде онлайн-консультациялар арқылы аудит жүргізді және мамандардың пікірін жинады.

Жастарды іздеу мен шешімдер қабылдауға тарту **жастар парламенттері** арқылы жүзеге асырылады. Жобаның негізгі мақсаты - ел бойынша 500 жастар парламенті мен 300 жастар форумдарының белсенділігін арттыру. Іс-шаралар қорытындысы бойынша визуализациялар жарияланады, өзекті мәселелер бойынша вебинарлар өткізіледі. Жастар парламенттерінің белсенділігіне муниципалитеттер қызығушылық танытуда, өйткені олар жергілікті орындарда мәселелерді шешуге және міндеттер қояуға көмектеседі.

Кері байланыс федералдық бағдарламаларды, соның ішінде қаржылық бағдарламаларды сынайтын және олардың жас ұрпақтың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкестігін тексеретін **«Жастар тексерісі» («Youth Check»)** жобасын алуға көмектеседі. Осылайша, бағдарламаның болжамды әсерлері мен болжанбаған жанама әсерлері байқалуы және түзетілуі мүмкін. Сондай-ақ, осы мақсатта **«BMU-Jugendstudie»** репрезентативті жастар зерттеуі қажет, ол жеке құрылған Жастар кеңесі шеңберінде жастармен семинарлар түрінде тұрақты негізде жүргізіледі.

Ауылдық жерлердегі жастардың проблемаларын Германияның Федералдық Үкіметінің демографиялық стратегиясын әзірлеу кезінде жастардың мүдделерін көрсететін **«Жастар болашақты қалыптастырады» жұмыс тобы** талдайды.

ГОНКОНГ

15-24 жас аралығындағы жастар 800 мыңға жуық адамды немесе мегаполис халқының 11% бөлігін құрайды. 2018 жылы **Гонконг жастарының Даму стратегиясы** қала тарихында алғаш рет қабылданды. Оны әзірлеуге қала жастары, мұғалімдер, ата-аналар, психологтар, қайырымдылық ұйымдары, ҮЕҰ, өнеркәсіптік қауымдастықтар, әлеуметтік кәсіпкерлер, жастар ісі жөніндегі қызметкерлер және басқа да мүдделі тұлғалар қатысты. 2017 жыл бойында талқылаулар өтті. Өз қорытындыларын дайындаған 105 тақырыптық топ құрылды.

Гонконгтағы жастар саясатын жүзеге асыру бойынша басты органдар - **бұл дистриктердегі жастар комитеттері** (кейінгі лат. districtus - аудан). Қалада 18 дистрикт бар. Жалпы, жастар жергілікті билік ұйымдастыратын іс-шараларға белсене қатысады, көптеген жастар жергілікті қоғамдастықтардың дамуына көмектесуге оңай келіседі. Ішкі істер департаменті дистрикт кеңселеріне аудан жастарын әлеуметтендіру бойынша іс-шараларға арнайы қаржы бөледі.

Мегаполисте, жалпы Қытайдағы сияқты, 500 мыңнан астам жастар тартылған еріктілер қозғалысы өте танымал. Жастардың пікірлері бойынша волонтерлік – бұл жалпы әл-ауқат пен дамуға өз үлесін қосудың тиімді тәсілі, сондай-ақ өзінің көшбасшылық қасиеттерін, ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетуге болатын сала. Гонконг пен Қытайдың жастар саясатын әзірлеушілер **волонтерлер қозғалысын** жастарды жұмылдыру әдісі, көшбасшылық пен қоғамдық жұмыстың өзіндік мектебі ретінде қарастырады.

Әртүрлі волонтерлік бағдарламалар бар, олардың арасында **алмасу бойынша волонтерлік бағдарламалар** қызығушылық тудырады: волонтерлерді Қытайдың кейін қалған провинцияларына жіберу, жазғы демалыс кезінде ауылдардағы волонтерлердің жұмысы. Волонтерлердің пікірі бойынша, олар Гонконгқа «басқа адамдар» болып оралады, олар жайлылықта өмір сүретіндері үшін алғыс айтады, отбасы мен достарын көбірек бағалай бастайды және өз қаласының әл-ауқаты үшін жұмыс істегісі келеді.

Youth policy in Norway. Report by the Council of Europe. 2004. 40 б.

Better outcomes, brighter futures. The national policy framework for children and young people 2014-2020. Ireland.

Report of the Task Force on the Child and Family Support Agency. Ireland, 2012.

Better outcomes, brighter futures. The national policy framework for children and young people 2014-2020. Ireland.

Better outcomes, brighter futures. The national policy framework for children and young people 2014-2020. Ireland.

Германия Федералдық үкіметінің жастары үшін бірлескен стратегия. 2019 ж.

<https://www.bmfsfj.de/blob/41940/a9789d196e8313b0b6bda4d5fd18eae/in-gemeinsamer-verantwortung-politik-fuer-mit-und-von-jugend-data.pdf>

Германия Федералдық үкіметінің жастары үшін бірлескен стратегия. 2019 ж.

<https://www.bmfsfj.de/blob/41940/a9789d196e8313b0b6bda4d5fd18eae/in-gemeinsamer-verantwortung-politik-fuer-mit-und-von-jugend-data.pdf>

Youth Development Strategy for Hong Kong: Public Engagement Report. 2018.

Youth Development Work of the Current-term Government. Review and Outlook. Home Affairs Bureau, Hong Kong.

Гонконг пен Гуандун провинциясы арасындағы Еріктілермен алмасу бағдарламаға қатысушылардың бірінің пікірі:

“ Бұл менің құрлықтық Қытайдағы алғашқы волонтерлік тәжірибем болды. Біз ауылдарда медициналық қызмет көрсеттік. Пациент маған «ражмет» айтқан сайын, болашақта психотерапияда жұмыс істеу ниетім нығая түсті. Енді мен медицинада оқып, болашақта дәрігер болғым келетінін анық білемін. ”

Жыл сайын Гонконг Әлеуметтік қамсыздандыру департаменті 16-24 жас аралығындағы 20 еріктіні таңдайды, олар еріктілер қозғалысының «амбассадорларына» айналады. Департамент еріктілердің құзыретін күшейту үшін осы топпен тренингтер өткізеді.

Гонконгта, Қытайда және Шығыс Азияда **жеке тұлғаны тәрбиелеу құралы ретінде музыкаға үлкен мән беріледі.** «Скрипкада ойнай алатын адам тәртіпсіз болуы мүмкін емес» деген сөз бар. Гонконгта жастардың даму стратегиясының маңызды тармақтарының бірі Мәдениет департаментінің басшылығымен **«Аспаптық музыканы оқыту» бағдарламасы** болып табылады. Бұл бағдарлама бойынша кедей отбасылардың балалары мен табысы төмен жастар білім алады. Бағдарламаның мақсаты - музыкалық білімді баршаға қолжетімді ету, қаланың жас тұрғындары арасында музыкаға қызығушылық туғызу.

Ағымдағы даму жағдайында тәрбие беруде цифрлық және ақпараттық тәрбие маңызды компонент болып табылатынын атап өткен жөн. БҰҰДБ талдаушылары былай деп жазады:

“ «қазіргі әлемде жаңа алшақтық пайда болды – білім беру және жоғары жылдамдықты ақпарат беру арналарына қол жеткізу саласында алшақтық пайда болды — бір кездері қымбат дүние деп саналған, ал қазір табысты бәсекелестік пен белгілі бір топқа жату үшін өмірлік қажеттілік, әсіресе білімге негізделген экономика жағдайында.» ”

Германияда «WebDays» жобасы жұмыс істейді, ол жастарды цифрлау тақырыптарымен, бағдарламалаудың базалық дағдыларымен, медиабілім және желілік саясатпен белсенді айналысуға, өз идеяларын тұжырымдауға және оларды саяси дискурста бағыттауға ынталандырады. «WebDays» мақсаты - қоғамдағы технологиялық өзгерістерді түсінуге, қолдауға және белсенді қалыптастыруға мүмкіндік беретін жас тұтынушылардың қатысуының жаңа түрін құру.

Сонымен қатар, бүкіл әлемде білім беру қызметкерлері **цифрлық кеңістіктің тұлғаның қалыптасуы мен тәрбиесіне ықпалы артуына** қатысты алаңдаушылық білдірді. Норвегияның зерттеушілері соңғы 10 жылда коммуникацияларда және бұқаралық медиада технологиялардың драмалық серпіні болғанын айтады, жастардың 80%-ы интернетке еркін қол жеткізе алатын болды және олардың жартысы күн сайын компьютерлік ойындар ойнайды. Жастар коммерциялық жарнамада қалаулы мақсатты аудитория болды. Бұқаралық медиаға қысымды төмендету үшін Норвегия үкіметі іс-қимыл жоспарын қабылдады және шаралардың бірі ретінде орта мектепте **«ақылға қонымды тұтыну» («consumer education») оқыту курсы**н енгізді.

Германияда онлайн-кеңістіктегі жастардың қауіпсіздігі мәселесіне де назар аударылады. Неміс зерттеушілерінің айтуынша, егер бұрын адамның сипаты отбасы мен құрдастарының ықпалымен шамамен 50/50 қалыптасса, енді виртуалды шындықты және әлеуметтік желілерді жасайтын онлайн-сөйлесу, компьютерлік ойындар маңызды рөл атқара бастайды. Германияда Білім министрлігі ата-аналар мен педагогтарға арналған «ҚАРА! Балаң медианы осылай тұтынады» («CHAU HIN! Was Dein Kind mit Medien macht») деген медиа-гид әзірледі. **«Медиамен бірге есейіп келеміз – Балалар мен жастарға арналған Интернет» буклеті** жеке деректерді қорғау және кибер-буллингті болдырмау бойынша қауіпсіз сайттар туралы ақпарат береді. «Компьютерлік ойындар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің білімдік бағасы» буклеті кейбір видео ойындар мен оқыту бағдарламаларының білімдік құндылығына назар аударады. Неміс зерттеушілері Интернет жастардың білімі мен тәрбиесіне деген көзқарасты түбегейлі өзгертетінін атап өтті. Бүгінгі жас ұрпақ өкілдері күн сайын онлайн отырады және бұл адамдардың физикалық және ақыл-ой денсаулығына қауіп төндіреді.

Швейцарияда **«Медиа-сауаттылық және жастарды зиянды медиа-контенттен қорғау» федералдық бағдарламасы** қабылданды. Ол интернеттегі қауіпті контентті тану және өзінің дамуы мен денсаулығы үшін онлайн-кеңістікті пайдалану мәселесінде жастардың құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Ирландиялық жастар ортасында да жаңа технологиялардың, цифрлық медианың, сексуалдану мен Интернет-контент пен жарнаманың коммерциялануының өскелең ұрпаққа ықпалына дұрыс ден қою қажеттігі байқалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мемлекеттің жастарды тәрбиелеу тәсілдерін талдай отырып, келесі үрдістерді бөліп көрсетуге болады:

·Біріншіден, жас ұрпақпен кері байланыс реттелген, үкіметтің әрбір бастамасы жастар тарапынан сұранымға негізделеді, содан кейін жастардың өз тиімділігіне тестіленеді және тексеріледі. Әлеуметтік сауалнамаларға, сарапшылардың пікірлері мен қорытындыларына сүйене отырып, жастар саясаты жөніндегі стратегиялық және тұжырымдамалық құжаттар жазылады.

·Екіншіден, жастарды тәрбиелеумен барлық қоғам айналысады. Қандай да бір шамада тәрбиелеу процестеріне мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар, жеке қорлар, бірлестіктер, кәсіподақтар, ірі компаниялар, ата-аналар, мұғалімдер, әлеуметтік қызметкерлер қоғамдастығы, спорттық және демалыс ұйымдары, яғни азаматтардың барлық санаттары қатысады.

·Үшіншіден, жастарды жастар саясатының міндеттерін қоюға тарту және проблемаларды шешуді іздеу ынталандырады. Жастар парламенттері және жастардың кең топтары қауымдастықтарының басқа да түрлері дамыған.

·Төртіншіден, жастар ұйымдарының шағын жергілікті түрлері (клубтар, үйірмелер, қозғалыстар) дамыған.

·Бесіншіден, дамыған елдерде Интернет пен цифрлық кеңістік ықпалының өсуіне алаңдаушылық артып келеді, тәрбие процесі онлайн-кеңістікке өтеді, жас ұрпақты тәрбиелеу бойынша онлайн-жобалар әзірленуде.

Youth policy in Norway. Report by the Council of Europe. 2004. 40 б.
Better outcomes, brighter futures. The national policy framework for children and young people 2014-2020. Ireland. Report of the Task Force on the Child and Family Support Agency. Ireland, 2012.
Better outcomes, brighter futures. The national policy framework for children and young people 2014-2020. Ireland. Better outcomes, brighter futures. The national policy framework for children and young people 2014-2020. Ireland. Германия Федералдық үкіметінің жастары үшін бірлескен стратегия. 2019 ж. <https://www.bmfsfj.de/blob/141940/a9789d196ec833b0b6bda4d5fd18eae/in-gemeinsamer-verantwortung-politik-fuer-mit-und-von-jugend-data.pdf>
Германия Федералдық үкіметінің жастары үшін бірлескен стратегия. 2019 ж. <https://www.bmfsfj.de/blob/141940/a9789d196ec833b0b6bda4d5fd18eae/in-gemeinsamer-verantwortung-politik-fuer-mit-und-von-jugend-data.pdf>
Youth Development Strategy for Hong Kong: Public Engagement Report. 2018.
Youth Development Work of the Current-term Government. Review and Outlook. Home Affairs Bureau, Hong Kong.

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ



Әлеуметтік зерттеулер нәтижесінде еуропалық студенттердің үштен бір бөлігі бакалавриат оқып жүріп, тастап кететіні анықталды. Негізгі себептер - оқу пәні туралы дұрыс түсінбеушіліктен ынтаның болмауы және қаржы қаражатының жетіспеуі. Сауатты кәсіби бағдардың қажеттілігі айқын болды.

Дамыған елдерде кәсіптік бағдар беру бағдарламалары - бұл жеке ұйымдар мен ірі компанияларды белсенді тарта отырып, мемлекеттің айрықша құзыреті болып табылады. Еңбек нарығының зерттеулеріне сүйенетін болсақ, әрбір мемлекет өзінің кәсіптік бағдар беру бағдарламасын қалыптастырады.

Германия, өндіріс саласындағы жетекші ұстанымдарды бекітуге ниет білдіре отырып, өнеркәсіптік кәсіпорындардың стратегиялық дамуына баса назар аударады және кәсіби-техникалық білім беруді дамыту мен мансаптық жоспарлау бағдарламаларына бизнесті белсенді тартады. Германияда кәсіби бағдар беру федералды бағдарламасы 20 жылдан астам жұмыс істейді. Ирландияда «Guidance Professionals» («Мамандық жөніндегі гид») ұлттық жобасы жұмыс істейді, сондай-ақ STEM-білім беруді дамыту бойынша мемлекеттік бағдарлама (science, technology, engineering & maths - ғылым, технология, инженерия және математика) әзірленді. Мамандардың айтуынша, 10-15 жылдан кейін елде техникалық мамандардың жетіспеушілігі сезіледі және бұл экономика мен технологиялық дамуға теріс әсер етеді, сондықтан STEM-мамандықтарға бағдар беру қазір Ирландия үшін өте маңызды. Гонконгта кәсіби бағдар тұрақты түрде жүргізіледі. Үкімет орта мектептерге гранттар бөледі және үкіметтік емес бірлестіктер ұйымдастыратын мансаптық жоспарлау жөніндегі іс-шараларды қаржыландырады. Норвегияда бұл бағыт Білім министрлігінің құрылымдық бөлімшесіне - өмір бойы кәсіптік бағдар беру жөніндегі ұлттық Юнит-ке жетекшілік етеді (National Unit for Lifelong Guidance). Швейцарияда жалпы мемлекеттік бағдарлама жоқ, бірақ жұмыс кантондар мен қалаларда бөлек ұйымдастырылады.

Жалпы, тәрбие үрдісінің құрамдас бөлігі ретінде кәсіптік бағдарлау жоғары білім беру процестерін қадағалауға, ал стратегиялық тұрғыда еңбек нарығының дамуын болжауға көмектеседі. Кәсіптік бағдар беру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу жастар саясатын прагматикалық және көреген етеді.

НОРВЕГИЯ

Кәсіби бағдар беру жүйесі «Realkompetanse» тұжырымдамасына негізделеді, ол әр адамның білім, сыныптан тыс қызмет, ақы төленетін және волонтерлік жұмыс, жеке және әлеуметтік белсенділік арқылы алынған құзыреттер жиынтығын қамтиды. Индивидуум өзінің құзыреттілігін бағалау мен сертификаттауға құқылы және бұл ЖОО-ға немесе жұмысқа қабылдау кезінде ескерілуі тиіс.

Мемлекеттік деңгейде кәсіптік бағдар жұмысымен Білім министрлігінің құрылымдық бөлімшесі - өмір бойы кәсіптік бағдар бойынша Ұлттық Юнит айналысады (National Unit for Lifelong Guidance). Муниципалитеттерде кәсіби бағдар бойынша серіктестік жұмыс істейді. Жұмыстың басты принципі - **мансаптық жоспарлау қызметтері барлық жастағы халыққа қолжетімді болуы тиіс**: егер адам жұмыста қиындық көріп, қызмет түрін өзгерткісі келсе, «транзит фазасында», мысалы, белсенділік төмендеген және зейнетке шыққан кезде оған мансаптық жоспарлауда қолдау қажет.

Норвегияда жергілікті орындардағы жастар кеңестерінің, сондай-ақ орта мектептердің жанында шағын коммуналардағы жастардың белсенділігін қолдау үшін **Жастар кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі орталықтар («Young Enterprise» немесе «Junior Enterprise»)** жұмыс істейді. Олардың міндеттері - бизнесті жоспарлау, маркетинг, бухгалтерлік есеп, бизнес-симуляция саласында базалық оқыту және шағын бизнес - модельдер жасау, «жұмсақ дағдыларды» - коммуникацияны дамыту, командада жұмыс істеу, міндеттерді шешу және шешім қабылдау.

Сонымен қатар, кәсіптік бағдар беруге жәрдемдесу **жазғы кәсіптік мектептер** арқылы жүзеге асырылады. 2-3 жыл ішінде жастар қандай да бір мамандық бойынша бастапқы дайындық курстарынан өтеді, мамандық немесе сала туралы жалпы түсінік алады, практикалық дағдыларды меңгереді. Бұл курстар кәсіби оқуға жастардың маргиналды топтарын (мигранттар, бейәлеуметтік мінез-құлықты жастар) біріктіруге мүмкіндік береді.

Lifelong guidance. Официальный сайт программы Kompetanse Norge, https://www.kompetansenorge.no/English/Lifelong-guidance/#Keyareasofwork_3

ШВЕЙЦАРИЯ

Конфедерация деңгейінде **Кәсіптік оқыту мен тренингтер туралы акт** қабылданды, ал 2007 жылдан бастап кәсіби оқыту, тренингтер және мансаптық кеңес беру бойынша швейцариялық қызмет көрсету орталығы («Swiss Service Center for Vocational Training, Study and Career Counselling») жұмыс істейді. Қабылданған нормаларға сәйкес, әрбір кантонда (аумақтық-әкімшілік бірлік) кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және мансаптық жоспарлау бойынша консультативтік орган құрылды. Ол азаматтарға жасына қарамастан қызмет көрсетеді, өйткені Швейцарияда «өмір бойы білім алу» («life-long learning») қағидатын ұстанады. Сондай-ақ кантондарда кәсіби бағдар бойынша жастарға, сондай-ақ кез келген жастағы адамдарға кеңес беретін ақпараттық мансаптық орталықтар жұмыс істейді.

Сонымен қатар, berufsberatung.ch интернет порталы жұмыс істейді, онда мамандықтар, білім алу және мансаптық мүмкіндіктер туралы ақпарат жарияланады. Университеттер, колледждер және ірі компанияларда мансаптық бюролар немесе мансаптық жоспарлау және кәсіптік бағдарлау бөлімдері бар.

ИРЛАНДИЯ

Білім берудің барлық мәселелерін қамтитын **«Qualifax» ұлттық деректер қоры** аясында «Guidance Professionals» жобасы бар, ол университеттердің барлық оқу бағдарламаларына және мансаптық жоспарлауға мүмкіндік береді. Жоба сайтында алдағы **бір жылға арналған іс-шаралар кестесі бар:**

- колледждерде Ашық есік күндері,
- жеке кеңестер,
- конференция,
- «Архитектураны көр» іс-шарасы («TRY architecture»),
- STEM-технологиялар және IT жәрмеңкелер,
- «Өзінді мұғалім ретінде көр» («Teacher experience day»),
- математика бойынша тегін тест және кеңес беру күні,
- «криминалистика мен қылмыстық құқық» іс-шарасы («law and criminology taster day») және басқа да ұқсас оқиғалар.

Кәсіптік бағдар беру жұмыстары мектептер және колледждермен тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі.

Ирландияның жоғары білім министрі М.О'Коннор атап өткендей, «жастардың мансап таңдауы олардың болашағына үлкен әсер етуі мүмкін. Біздің студенттеріміздің ең үздік және кәсіби ұсыныстар мен қолдауға қол жеткізуі өте маңызды. Мен колледждегі студенттік тәжірибе де, жоғары оқу орнынан кейінгі өмір де жастардың саналы және ақпараттандырылған таңдау жасауының арқасында сапалы түрде жақсаратынына сенімдімін».

Мансаптық жоспарлау сайтында **білім беру курстарын (Course Finder)** санаттар бойынша (жоғары және дипломнан кейінгі білім беруден басқа) іздеу функциясы бар:

- Ересектер арасында сауаттылықты арттыру
- Тағылымдама
- Білім берудегі екінші мүмкіндік
- Мүмкіндігі шектеулі адамдарға білім беру
- Ирландияда шетелдіктерге білім беру
- Lifelong learning - ересектерге білім беру, ішінара жұмыспен қамту және жұмыспен біріктіру мүмкіндігі бар курстар
- Таңғы курстар
- Кешкі курстар
- Онлайн білім беру
- Ауруы асқынғандарға паллиативтік күтім жасау курстары
- Экспресс-білім беру - 6 апта және одан кем.

Осылайша, Ирландия азаматтары жеке жағдайларға, жасына, еңбек жағдайына және денсаулық жағдайына байланысты өздері үшін оқыту өнімдерін таңдай алады.

Ирландияда «Youthreach» бағдарламасы (Ирландия Үкіметі мен Еуропалық әлеуметтік Қордың бірлескен бағдарламасы) бойынша жұмыс істейтін жастар орталықтарының желісі кеңінен дамыған. Жоба 15 жастан 20 жасқа дейінгі жастарға бағытталған, олар қандай да бір себептермен мектепті тастап, жоғары оқу орнына немесе училищеге түсе алмағандар. «Youthreach» орталықтарында олар кәсіби бағдардан өтіп, 2 жыл бойы жалпы және кәсіби білім алады. Оқу кестесінде міндетті түрде математикалық және тілдік сауаттылықты арттыру, ақпараттық технологиялар бойынша сабақтар, кәсіпорындардағы тәжірибелік машықтану сабақтары бар. Ел бойынша барлығы 6000 «Youthreach» орталығы жұмыс істейді, олардың студенттері шағын стипендия, тұрғын үй және көлік жеңілдіктерін алады.

Кәсіптік бағдар беру жұмысындағы тағы бір маңызды аспект – **салалар бойынша гендерлік бөлу**. Дәстүрлі түрде ұлдарға техникалық, инженерлік мамандықтарға бару, ал қыздарға гуманитарлық ғылымдармен айналысу дұрыс деп саналады. Ирландияда осындай гендерлік көзқарастарды нивелирлеу үшін сауаттылықты арттыруға арналған бағдарлама және 2026 жылға дейін есептелген **STEM-білім беру бағдарламасы (STEM-education policy statement)** қабылданды. STEM-science, technology, engineering and maths - ғылым, технология, инженерия және математика - бұл технологиялық прогрестің негізі. Елдің жалпы дамуы үшін осы заттардың түйінді маңызын, Ирландияда осы бағыттарда білім беру жеткіліксіз дамыған өңірлерді ескере отырып, жол картасы әзірленді. Бағдарламаның мақсаты - жастарды, әсіресе қыздарды STEM-пәндерді зерттеуге тарту. Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері осы сектордағы жалақы басқа салаларға қарағанда жоғары екенін көрсетті. Кәсіби бағдар қызметкерлері жастарға нарықты талдауға көмектеседі және STEM-білім беруді таңдауға ынталандырады. Ирландиялық үкімет **STEM-білім беру фокусының ұлттық басымдығы** ретінде анықтады.

Ирландияда еңбек нарығын зерттеуге көп көңіл бөлінеді, өйткені кәсіптік бағдар жұмысы, бірінші кезекте, экономиканың осы сегментінің қажеттілігіне сүйенуі тиіс. 2004 жылдан бастап елде жыл сайын **Ұлттық біліктілік бюллетені** (The National Skills Bulletin) шығады, ол ирландиялық еңбек нарығына талдау жасайды және 95 санат бойынша мамандардың тапшылығы/артық болуы мен жалақы деңгейін көрсетеді: ғылым және инженерия, IT технологиялары, бизнес және қаржы, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік жұмыс, құқық және қауіпсіздік, құрылыс, ауыл шаруашылығы, туризм, өнер және мәдениет, әкімшілік және хатшылық, көлік және логистика, сауда, маркетинг және баяндама мансаптық жоспарлау жөніндегі мамандарды, студенттерді және барлық мүдделі тұлғаларды қандай да бір мамандық пен салада қандай құзыреттер қажет екенін хабардар етеді.

ГЕРМАНИЯ

2008 жылдан бастап елде **Кәсіби бағдар федералдық бағдарламасы** жұмыс істейді. Білім беру ұйымдарынан басқа, оған бүкіл ел бойынша жұмыспен қамту жөніндегі **186 агенттік және ақпараттық мансаптық орталықтар** қатысады. Әрбір ниет білдіруші оған тіркеліп, тегін жеке кеңес алуға қатыса алады. Германия үкіметінің мәліметінше, мансаптық жоспарлау бағдарламасына 3000 мектеп қосылған. Кәсіптік бағдар жоғары сыныптарда басталады және жұмыс келесі бағыттар бойынша жүреді:

1. Оқушыларға университетті, оқу саласын, пәндерді қалай таңдауға, емтиханға қалай дайындалуға кеңес береді.
2. Ата-аналарға арналған ақпараттық кештер мен мұғалімдерге арналған семинарлар өткізіледі.
3. Мектепте психологиялық көмек көрсету қызметтері тест жүргізеді және қолдау көрсетеді.
4. Ірі компаниялар, кәсіподақтар мен ҰЕҰ мамандықтар жәрмеңкелерін және басқа да ақпараттық іс-шараларды ұйымдастырады.

Кәсіптік бағдар беру үдерістері маңызды ғылыми-әдістемелік негізде жүргізіледі. **Еңбек нарығын зерттеу институты нарықтағы өзгерістерді үнемі зерттейді, салалардағы тапшылықты модельдейді, кәсіптердің жіктелуін қалыптастырады**, өңірлік және халықаралық еңбек нарығына талдау жүргізеді.

Шынайы және қолжетімді ақпаратты үйден шықпай-ақ әркім ала алады. www.berufe.tv **видео арнасы** бар, онда мамандықтар туралы 450 видео орналастырылған. Сондай-ақ www.planet-beruf.de **сайты** жұмыс істейді, интерактивті режимде кәсіби бағдарлау тестінен өтуге және қабілеттері мен қызығушылықтарына сай келетін мамандықты таңдауға болады.

